

● ПРЕЗИДЕНТ

Н. НАЗАРБАЕВ Н. НЫГМАТУЛИНДІ ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСШЫСЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАҒАЙЫНДАДЫ

АСТАНА. ҚазАқпарат - Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Н.З.Нығматулинді Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы» Жарлыққа қол қойды.

Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады. Нұрлан Зайроллаұлы Нығматулин Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ

ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ «АСТАНА ЖӘНЕ АЛМАТЫ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ, ОБЛЫСТАРДЫҢ ӘКІМДЕРІ ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ АҚОРДАНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНЕН ХАБАРЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабының 4-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар:
- Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбеков – Астана қаласының әкімі;
 - Ахметжан Смағұлұлы Есімов – Алматы қаласының әкімі;
 - Сергей Витальевич Кулагин – Ақмола облысының әкімі;
 - Архимед Бегежанұлы Мұхамбетов – Ақтөбе облысының әкімі;
 - Амандық Ғаббасұлы Баталов – Алматы облысының әкімі;
 - Бақтықожа Салахатдинұлы Ізмұхамбетов – Атырау облысының әкімі;
 - Нұрлан Асқарұлы Ноғаяв – Батыс Қазақстан облысының әкімі;
 - Кәрім Насбекулы Көкірекбаев – Жамбыл облысының әкімі;
 - Нұрмұхамбет Қанапияұлы Әбдібеков – Қарағанды облысының әкімі;
 - Нұралы Мұстафаұлы Сәдуақасов – Қостанай облысының әкімі;
 - Қырымбек Елеуұлы Көшербаев – Қызылорда облысының әкімі;
 - Алик Серікұлы Айдарбаев – Маңғыстау облысының әкімі;
 - Асқар Исабекұлы Мырзахметов – Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі;
 - Қанат Алдабергеноұлы Бөзимбаев – Павлодар облысының әкімі;
 - Ерік Хамзаұлы Сұлтанов – Солтүстік Қазақстан облысының әкімі;
 - Даниял Кенжетайұлы Ахметов – Шығыс Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалсын.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Н. НАЗАРБАЕВ.**
Астана, Ақорда, 2015 жылғы 4 мамыр.

● БРИФИНГ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖЕМІСІ



Ел Президентін ұлықтау рәсіміне қатысып, тарихи кезеңнің куәгері болған бір топ сырбойлық өткен аптаның бейсенбі күні «Сыр медиа» ЖШС жанындағы Қызылорда облыстық коммуникациялар орталығында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен жүздесті.

“Нұр Отан” партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Наурызбай Байқадамов, Елбасы айтқандай, бұл сайлау қоғамдастық халқымыздың бірлігі мен тұтастығын тағы бір дәлелдеген шара болғанын, ұлықтау рәсіміне жиналғандардың сан ұлт өкілдері болса да, бәрінің де бір мақсатқа жұмылып, бір бағытта еңбек етуге ынталы екенін, өздерінің алған әсерлерінің мол екенін айтып өтті. Сонымен қатар Елбасының алға қойған міндеттерін Сыр өңірі жұртшылығы да бірлесіп атқаруы қажеттігіне баса назар аударды. БАҚ өкілдерімен кездесуге келген шешен қоғамдық мәдени орталығының төрағасы Мовлади Исаев, облыстық сайлау комиссиясының хатшысы Қожамжар Наурызбаев және қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев ел Президентін ұлықтау рәсіміндегі жүрек толқытар сәттерге, халықтың Елбасына деген алауызсыз көңілі мен сеніміне, алдағы міндеттерді орындау жолындағы атқарылар істерге тоқталды.

Облыс сайлаушыларының ауа райының қолайсыздығына қарамастан сайлауға біркөксей дауыс бергені, олардың дені Нұрсұлтан Назарбаевты жақтағаны анық. Президенттің Аңт беру рәсімі, Елбасының одан кейінгі сөйлеген сөзі, алға қойған Ұлт жоспарының ұлы істердің ұйытқысы бола беретіні жайында жан-жақты әңгіме өрбіткен кездесушілер журналистердің сұрақтарына толымды жауап берді.

Жұмағұл БАЛАБАЙҚЫЗЫ.

ЕРЛЕР ЕЛ ЕСІНДЕ

Жексенбі күні Қызылорда қаласындағы «Тағзым» алаңында «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы, Ұлы Отан соғысы ардагерлері Жұмабек Рысбаев, Айдар Жолбаев, спорт ардагері Юрий Ким және мектеп мұғалімдері, оқушылар қатысты.

Содан кейін Жеңістің 70 жылдығына орай, облыстық білім басқармасының ауыспалы кубогы үшін мектеп оқушылары жеңіл атлетикалық эстафеталар сайысқа түсті. Нәтижесінде бірінші орынды №198 мектептің жас спортшылары жеңіп алды, ал №39 мектеп екінші орынды, №173 мектеп үшінші орынды еншіледі.

Бұдан бөлек, әскери қолданбалы спорт түрлері бойынша жарыс өтті. Бірінші орынды №136 мектеп, екінші орынды №257 мектеп, үшінші орынды №222 мектеп иеленді.

Жеңімпаз командалар мен спортшыларға кубоктар мен дипломдар табыс етілді.

Дәурен ОМАРОВ.

МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМА

Құрметті қызылордалықтар және қала қонақтары!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушы күніне, 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай Қызылорда облысы бойынша ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға қатысуға шақырамыз.

«Әскердегі бір күн» девизі аясында жастардың әскери өмірмен танысуы – 5 мамыр, сағат 10.00-12.00. №2019, 5547 Әскери бөлімдер. Әскери бөлімдерде мектептің жоғары сынып оқушыларына арналған «Алып есік» күні – 5 мамыр, сағат 10.00. №2019, 5547 Әскери бөлімдер.

Астана қаласындағы әскери парадты Қызылорда қаласының Орталық алаңындағы үлкен (лед) экраннан тамашалау, концерттік бағдарлама – 7 мамыр, сағат 11.00. Орталық алаң.

7 Мамыр – Отан қорғаушылар күніне және Ұлы Жеңіс күніне арналған мерекелік салтанат – 7 мамыр, сағат 9.30. Н.Бексезанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.

«Ұлы Жеңісті жырлаймыз» атты республикалық ақындар айтысы – 8 мамыр, сағат 11.00. Н.Бексезанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған Кеңес Одағының Батыры Т.Комекбаевты еске алуға арналған халықаралық мемориал – 8 мамыр, сағат 15.00. Қармақшы ауданы, Жосалы кенті.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған митинг, гүл қою рәсімі, концерттік бағдарлама – 9 мамыр, сағат 10.00. Тағзым алаңы.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған мерекелік концерт (Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен) – 9 мамыр, сағат 19.00. Орталық алаң.

Сыр бойы



1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

5

МАМЫР
СЕЙСЕНБІ

2015 ЖЫЛ
№64 (18952)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

● СЕССИЯ

ЖОҒАРЫ СЕНІМ

4 мамыр күні Қызылордада Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Нұрлан Тілешевтің қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 37-ші сессиясы өтті. Күн тәртібінде Қызылорда облысының әкімі лауазымына ұсынылған кандидатураға келісім беру мәселесі қаралды.

Облыстық мәслихаттың хатшысы Ақмарал Әлнзарова ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың облыстық мәслихат депутаттарына жолдаған хатын оқыды. «Құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабының 4-тармағына сәйкес,

Қызылорда облысының әкімі лауазымына Қырымбек Елеуұлы Көшербаевты ұсынамын. Қырымбек Елеуұлының басшылық лауазымдарда қызмет атқару тәжірибесі мол, Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы, Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының әкімі, ҚР-ның Ресей Федерациясындағы Төтенше және өкілетті елшісі, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, ҚР Премьер-министрінің орынбасары лауазымдарында қызмет істеген. 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Қызылорда облысының әкімі қызметін атқарып келеді».

Мәслихат депутаттары ұсынылған кандидатураны

бірауыздан қолдады.

Өз сөзінде Қырымбек Көшербаев Елбасына білдірген сенімі үшін, ал депутаттарға көрсеткен қолдауы үшін алғысын айтты.

– Қазақстан Республикасының Президентін сайлауда Қызылорда облысы Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидатурасын бірауыздан қолдады. Ұлықтау рәсімінде Елбасы Ұлт жоспары деп атаған 5 кешенді реформаны ұсынды. Енді біз бар күшімізді осы реформаларды іске асыруға жұмсауымыз қажет, – деді Қ.Көшербаев.

– Президент сенімі – мен үшін зор құрмет және үлкен жауапкершілік. Сол жауапкершілікті жоғары деңгейде ақтау үшін аянбай еңбек етемін деп мәлімдеймін. Алдағы уақытта Сыр елінің жасарып, жанаруы үшін бірлесе жұмыс істейік, – деп депутаттарды туған өлкенің игілігі үшін бірлесіп қызмет етуге шақырды.

● САЛТАНАТ

БІРЛІГІ БЕКЕМ ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ БИІК

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай облыс орталығы мен аудандарда мәдени шаралар өтті. Береке мен бірліктің туын желбіреткен Сыр жұртшылығы таң атқысымен мейрамды атап өтуге Орталық алаңға жиналды. Мұнан соң қызылордалықтарды облыс әкімі Қ.Көшербаев құттықтап, бұл мерекенің маңыздылығына тоқталды.

қала жастарының дайындаған мерекелік концертін тамашалады. Сыр елінде жетпіске жуық түрлі ұлт өкілдері бейбіт күн кешіп жатыр. Оннан астам этномәдени бірлестік бүгінгі мерекеге концерттік бағдарлама әзірлеп, бірліктің бекемдігіне

осындай бірлігі жарасқан ортада бейбіт күн кешіп жатқанына алғыстарын білдіріп, өздерінің ән-жырларын тарту етті.

Сондай-ақ, өңіріміздегі барлық мекемелердің атсалысуымен түрлі ұлттық ойындар мен флешмоб ұйымдастырылды.

күймен таркасты.

Бұл мереке – ұлттар тұтастығы мен халықтар достастығының жемісі. Еліміздің басты байлығы – ұлтаралық татулық пен тыныштық десек, осы ортақ жетістікте әрбір тұрғынның өзіндік үлесі бар.



– Біз бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолына жұмылып қуатты елміз. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең жоғары байлығымыз. Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету – әрбір Қазақстан азаматының міндеті. Туған жердің төсінде,

көз жеткізді.

Облыс көлемінде ұйымдастырылған үлкен шарадан Ассамблея мүшелері де тыс қалған жоқ. Алаң шетінде ұлттық мәдени орталықтардың отауы тігіліп, ән-жырлары шырқалды. Мұндағы түрлі ұлт өкілдері аймақ басшысына өздерінің

Спорттың әр түрінен бак сынасқан тұрғындар бағалы сыйлықтарға қол жеткізді. Бұл мереке облысымызбен қатар, барлық аудандар мен ауылдарда жоғары деңгейде атап өтілді.

Шара соңында патриоттық әндер шырқалып, Сыр жұртшылығы көтеріңкі көңіл-

Еліміздің өркендеп-өсуіне басты себеп – бірлігіміз жарасып, бейбіт күн кешуіміз. Тұрақтылық пен татулықты ту еткен елдің берекелі белесін айғақтайтын осындай шаралар аудандар мен елді мекендерде аталып өтті.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

● АССАМБЛЕЯ



Жуырда Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясының XVIII сессиясы болып өтті.



Сессия жұмысына облыс әкімі, облыстық Ассамблея төрағасы Қырымбек Көшербаев, ұлттық этномәдени орталықтарының өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар жетекшілері мен жастар қатысты.

яндары тыңдалды. Аймақ басшысы өз баяндамасында биылғы жыл – ел бірлігінің, Елбасы жариялаған Қазақстан халқы Ассамблеясының, қоғамдық келісім моделінің жылы екенін атап өтті.

жылдағы түрлі ұлт өкілдері аймақ басшысына өздерінің

– Күні кеше ғана Сыр елінің үлкен делегациясы Елордада Президенттік сайлауда айқын жеңіске жеткен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұлықтау рәсіміне қатысып келді. Елбасы айрықша ризашылығын білдіріп, қарқынды даму үстіндегі өңірлердің қатарында Қызылорда облысын ерекше атап өтті. Ұлт Кошбасшысының жоғары бағасы Сыр елінің әрбір азаматына тиесілі екенін атап өткім келеді, – деген облыс әкімі сонымен бірге, әрбір ауданда кем дегенде бір-бірінен этномәдени бірлестіктің жұмыс жасауы тиістігін, өңірдегі ірі компаниялар мен кәсіпорындарда қоғамдық келісім кеңестерін құрып, этносаралық тұрақтылық пен қоғамдық келісімді нығайтудағы жұмыстарды тұрақты жүргізу қажеттігін баса айтты. Сондай-ақ, Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясының төрағасы Қырымбек Елеуұлы осыған дейін Қазақстан халқы Қызылорда облыстық ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары болған Ашур Хамидовқа алғыс білдіріп, орнына көрей этномәдени бірлестігінің жетекшісі Елена Кимді тағайындады.

Облыста Ассамблея жылы аясында бірқатар шаралар атқарылуда. Мәселен, Ассамблея жылында аймақта «Достық үйі» пайдалануға беріліп, облыста жұмыс істейтін барлық ұлттық-мәдени орталықтардың шаралары өтетін орынға айналмақшы. Бүгінгі таңда нысанның құрылыс жұмыстары қарқынды

жүруде, қыркүйек айында пайдалануға беріледі деп күтілуде. Сондай-ақ, «Жиырма ізгі іс» эстафетасы барысында облыста 100-ге жуық шара ұйымдастырылып, 24 мың адамға 46 млн теңге көлемінде түрлі көмек көрсетілген.

Жыныда сонымен бірге өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы Ашур Хамидов, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, облыстық ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топ жетекшісі Нұрлыбек Мыңжас, Қармақшы ауданы ІІІ Интернационал ауылындағы №108 орта мектеп мұғалімі Мелана Ногай, өзге де қатысушылар сөз алып, өңірімізде этносаралық татулық пен қоғамдық келісімнің сақталуы, Елбасы саясатының жүзеге асырылуы жайында өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Жыны соңында облыс әкімі қоғамдық келісімнің нығаюына, ел бірлігін дамытуға үлес қосып жүрген Ассамблея өкілдерін «Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды. Бірқатар азаматтарға «Бірлік» алтын медалі табыс етілді.

Сессия жұмысын қорытындылаған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев басқарма басшыларына бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Сыр бойы
газетіне 2015 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

Басылымның алты айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 2750, мекемелер үшін – 3750, редакциядан тікелей жаздырып алатындар үшін – 2500 теңге. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ филиалында жүргізіледі.

ХАЛЫҚТЫҚ РЕФОРМА – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН КӨРСЕТЕТІН РЕФОРМАЛАР

Өткен сайлау қазақстандықтардың, оның ішінде қазақ ұлтының біртұтас ұлт болғандығын толық көрсете білді. Өйткені, осы сайлауда қазақстандықтар бұрын-соңды болмаған саяси белсенділік танытып, сайлау учаскелеріне барып, Елбасы Н.Назарбаевқа өз таңдауларын жасады. Сіздер жақсы білесіздер, сол сайлаудан кейінгі маңызды оқиға – Президентті ұлықтау рәсімі. Осы рәсімде сайлауалды тұғырнамасы бойынша сөйлеген сөзінде Елбасы бес институттық реформаны жүзеге асыратын тетікті айтып берді. Жеке өз басым сенатор ретінде, саясаттанушы ретінде бұл бес реформа бес жылға емес, он немесе он бес жылға созылатын мемлекеттік құрылымды, жалпы мемлекеттің экономикасын әлеуметтік жағынан, саяси жағынан, мәдениет жағынан

қамтитын үлкен саяси реформа дер едім. Осыдан менің өзімнің түйгенім, 24 жылдың ішінде Қазақстан өтпелі кезеңді аяқтады деп айтуға болады. Қазақстан осы өтпелі кезеңде қазақ мемлекетін толық құра алды, бүкіл мемлекеттік институттарын толық орнықтырды. Қазақстан толыққанды біртұтас ұлт ретінде қалыптасты деп негіздеуге болады. Сондықтан да енді алдағы реформалар мемлекеттің даму ерекшеліктерін көрсететін болады. Қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін Елбасы кешегі ұлықтау рәсінде сөйлеген сөзінде айтқанындай, орта таптың жағдайын жақсау қажет. Президент жанынан жаңғырту жөніндегі арнайы комиссия құрылатын болады. Ол комиссияға Қазақстандағы ең мықты саясаттанушылар, сарапшылар, керек болса,



Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, сенатор.

ҰЛТ ЖОСПАРЫНЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ

ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы табысты өтті. Бұл шынайы, әділ, ашық сайлау болды. Қазақстан халқы өз қалауларын нақты әрі айқын жасады. Сайлау халықаралық құқық нормаларына толығымен сай келетін Қазақстан Республикасының сайлау туралы ұлттық заңнамасына сәйкес өткенін сеніммен айта аламыз.

Сыр елінен барған үлкен делегация қатарында Елбасын ұлықтау салтанатына қатысып, үлкен әсермен оралдық. Онда Нұрсұлтан Әбішұлы рәсімнен кейін сөз сөйлеп, еліміздің алдында тұрған ауқымды міндетті айқындап берді.

Елбасы алдағы тұрған реформалар жоспарын Ұлт жоспары деп атады. Олай деп атауының себебі бұл реформалар Қазақстанның әрбір азаматының тікелей қатысуын талап етеді. Президент оларды жүзеге асырудың жолдарын көрсетіп берді. Соның бірі ұлттық саясатқа қатысты.

«Біздің қоғамның әртүрлілігі – біздің әлсіздігіміз емес, қуатымыз. Қазақстан азаматтарының барлығы құқық көлеміне теңдей иелік етуі тиіс, бір жауапкершілікті бірге еңсеруі қажет және тең мүмкіндіктерді пайдаланулары керек. Біздің қоғам тарихи жағдайларға байланысты көптеген тіл мен ұлтқа ие болып, одан да мықты әрі ынтымақты ел бола түсті. Бүгін бізді «Мәңгілік ел» құндылықтары біріктіреді. Бұл – азаматтық теңдік, еңбекқорлық, әділдік, ғылым мен білім берудің культі, толеранттылық, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдық. Ол



жай сөздер емес. Ата-бабамыздың айтқаны бар: «Егер бір жылға болжасаңыз – егін ек, егер жүз жылға жоспарласаңыз – тал ек, егер мәңгі жасаймыз десеніз – адамды, жастарды тәрбиелеңіз». «Мәңгілік ел» құндылықтары әлауқатты болашағымызды қалыптастыруға бағытталған. Біз Қазақстанның болашағын нығайтып, бірілгін ұзақ ету үшін ортақ азаматтық сәйкестігімізді дамыта беруіміз керек», - деп атап өтті Елбасы.

Көп этносты Қазақстан халқы қазіргі кезеңде әртүрлі тілде сөйлесе де, мемлекеттік тұтастық пен өзара түсіністік арқылы қасиетті көк байрақтың астында бірлік пен достықты мұрат етіп, тату-тәтті ғұмыр кешуде. Елбасы мен халықтың арасындағы арақатынасты саралай отырып, тәуелсіздіктің қаншалықты қымбат, баға жетпес ұғым екенін, оның ұдайы жасампаздыққа жетелейтінін ұғына түскендейсін.

Елбасы бастаған халықтық бес реформаны, инаугурацияда атап өткендей, оның аса маңыздылығын ел халқы бірауыздан қолдайды. Халықтық бес реформа – заманға

сай дамыған мемлекет, тең құқылы қоғам құруға қастайды деп сенеміз. Институционалдық бес реформа – еліміздің қол жеткізген жетістіктерін нығайтуға бағытталған қадам екеніне сенімдіміз. Бес реформаның жүзеге асырылуы әлеуметтік модернизацияның жаңа сатысы болмақ.

Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ, Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы.

ӘДІЛ СОТ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛМАҚ



Тәуелсіз еліміз үшін тағы бір тарихи асу алынды. Президент сайлауы Қазақстан халқының бірлігін тағы да бүкіл әлемге паш етті. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сайлаудағы айқын жеңісі елдегі жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатты халықтың айқын қолдауының жемісі

деп білемін.

Тәуелсіздік сарайында өткен ұлықтау рәсінде Елбасы: – Мен өзімнің сайлауалды тұғырнамам болған бес институттық реформаны ұсындым. Сол реформаларды жүзеге асыру үшін өзімнің барлық ерік-жігерімді, шешімділігімді көрсетіп, мемлекеттік аппаратты, қоғамның күш-жігерін реформаларды орындауға жұмылдыру ниетіндемін, – деген болатын. Аталған реформалардың бірі – сот жүйесін жеке мүдде қуушылықтан ада етеді. Әділ сот төрелігі инвесторлар мен бизнес үшін қолжетімді болмақ.

Еліміздегі сот жүйесі конституциялық реформаларға сәйкес халықаралық деңгейге көтерілді. Арбитраждық соттар жойылып, бір ғана Жоғарғы сот бастаған біртұтас сот жүйесі құрылды. Соттар мен судьялардың мәртебесі заңнамалық тұрғыда анықталып, сот жүйесін қалыптастырудың айқын ережелері белгіленді. Соның нәтижесінде бүгінде озық елдер үлгісінде құрылған тәуелсіз сот билігі, сондай-ақ сот төрелігін жүзеге асырудың өркеніетті сот жүйесі қалыптасты. Соттар жұмысын халық үшін

барынша ашық және ұғынықты ету жолында Жоғарғы сот пен барлық облыстық соттарда бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз кәсіби байланыс орнатып отырған баспасөз қызметі құрылды.

Сонымен қатар судьялардың кәсіби дайындығына талапты күшейту жөніндегі шаралар жүйесі анықталды. Судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру жағдайындағы заңдылықты сақтағаны үшін жауапкершілігі арттырылды. Сот реформасының тағы бір ерекшелігі – Жоғарғы сот кеңесіне біліктілік алқасы біріктіріліп отыр. Бұл болашақта судья кадрларын іріктеп алуға үлкен мүмкіндік туғызбақшы. Сондай-ақ қамауға, тұтқындауға санкция беру енді прокуратурадан сотқа беріліп отыр.

Соттар қызметіне қоғамдық бақылаудың конституциялық тетіктері анықталып, алқа билер институты енгізілсе, халықтың сотта қорғалуына кеңінен қол жеткізу қамтамасыз етілген.

Азамат ЖҰМАМҰРАТОВ, облыстық соттың кенес меңгерушісі.

● ЖЫР-ШАШУ

ЕЛБАСЫМЕН БІРГЕМІЗ

Ардақты Алаш!
Асыл аға!
Қайран дос!
Егеменді елімменен жайраңда, өс!
Күні кеше үкілеген үмітті,
Өткізбедік сындарлы сөт – сайлауды еш.

Өркеніет емес бізге енді алыс,
Мәңгілік Ел – ол сәмұрық, ол барыс.
Елін сүйген болды перзент қалауың,
Келешекке қак қанатты қампап іс.

Тура жолдан таймағанды жебейді ел,
Ізгілікке жүрегін шын бөлейді Ер.
Елбасының ер соңынан, еңдесе,
Ақын жыры – Алла сөзі демей ме ел?!

Елің үшін қосып қарсын қарсыңа,
Елбасымың ер соңынан Нар тұлға!
Ұлтың үшін жұдырықтай жұмылып,
Жұртың үшін жай отындай жарқылда!

Ойлан, толған!
Осыдан соң тоқтама!
Көшбасшымын асқан менің жоқ дара.
Өркеніет бастайтуғын өріне,
Ол – Елбасы елін сүйген тек қана.

Сол болады сұңқар құс сен таңдаған,
Қыран артық қарқылдаған қарғалаң.
Тас жиналып ешқашан тау болмаған,
Дараларды дана халқым қолдаған.

Таңдауыңды жасадың дос, арыңмен!
жүрегімнен,
тілегімнен,
жанымнан...
Енді жарым асқақтайды мәңгілік,
Сүйінілеп елден, жерден,
бәріннен!

Мәңгі менің мызғымайтын іргем Ел.
Елмен бірге өтті сыннан мүлдем Ол.
...Далаң үшін,
...балаң үшін сондықтан,
Елін сүйген Елбасымен бірге бол!!!

Толыбай АБЫЛАЕВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
Жарасқан Әбдірашев атындағы әдеби
сыйлықтың иегері.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН БАСТАМА

Қазақстан Президентін ұлықтау рәсімі секілді тарихи мезетте Мемлекет басшысы аса маңызды мәселелер көтерді. Сайлауалды бағдарламасында көрсетілген бес институттық реформаны жүйелі түрде жүзеге асыруға қатысты ауқымды міндеттер күн тәртібіне шығарылды.

Елбасы ұсынған 5 институционалдық реформаның алғашқысы мемлекеттік қызметкерлер корпусын кәсіби және автономиялы етуге бағытталған. Ұлт көшбасшысы мемлекеттік аппаратта белгілі бір қамқоршының айналасында команда қалыптасатындығын, мұндай патронат жемқорлық үшін жағдайлар туғызып, кадрлық әлеуетті төмендететіндігін қатан сыға алды. Бұл желел түрде шешілуі тиіс өзекті мәселе екендігін жеткізді.

Мемлекеттік қызметке талаптарды күшейту мәселесін Елбасы Үкіметке нақты тапсырды. Қазақстандықтар

Елбасының бастамасын толық қолдайды. Және Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мемлекеттік қызметкерді сұрыптау жүйесін жаңалауға да өз үлестерін қосады деп ойлаймыз. Бұл орайда ең алдымен Ұлт көшбасшысы қадап айтқан мәселелер назарда тұруы тиіс. Бүгінде елімізде 99 мыңнан астам мемлекеттік қызметкер бар. «А» және «Б» корпустары жасақталды. Алайда аталған салада атқарылар жұмыстар әлі де жеткілікті.

Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік аппаратты реформалау және мансап бойынша әділетті өсу мен мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру қағидағарын нығайту саяси шешімдерді қабылдаудың тиімділігі мен сапасын арттырады.

Кенжеғара СҮЛЕЙМЕНОВ,
Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы.



**ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ЛАУАЗЫМЫНА КІРІСУ
САЛТАНАТЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

29 сәуір 2015 ж.



**Президент жанындағы
Жаңғырту жөніндегі
ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ**





МИССИЯСЫ –

5 реформаны сатылап жүзеге асыруды басқару және мемлекеттік органдардың, бизнес сектор мен азаматтық қоғамның іс-қимылдарын үйлестіру



**Ұлттық комиссия жанында құрамында
беделді шетелдік сарапшылар бар
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС
жұмыс істейтін болады**



Еуразиялық интеграция институты өзінлеген.

● ҰБТ–2015

ҮЗДІКСІЗ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Уақыт өткен сайын биылғы оқу жылының аяқталар мерзімі де жақындап келеді. Осынау жауапты кезең қарсаңында аудандар мен Қызылорда қаласының орта мектеп директорлары, пән мұғалімдері, психологтары және мектеп директорларының бағдарлы іс жөніндегі орынбасарлары облыс әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлы мен облыстық білім басқармасының басшысы Б.Сайлыбаев 2015 жылдың ҰБТ-ға дайындық барысын талдап, оны жақсарту шараларын жасауға бағыт-бағдар беруде.

Биылғы 2014-2015 оқу жылында облыс мектептерін 6444 түлек бітіреді. Аймақта ҰБТ-ны өткізу пункттері аудандарда және облыс орталығында орналасқан, былтыр олардың саны 8 болатын. ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығы негізінде биыл Жалағаш ауданындағы №202 орта мектептің базасында тағы бір тәстілеу пункті ашылды. Демек, биылғы тәстілеу пунктіннің жетеуі аудан орталығында болса, екеуі Қызылорда қаласында орналасқан. Жыл сайын ҰБТ Ережесінің талаптарына сай бұл пункттер қажетті техникалық құралдармен толықтырылып отырылады.

Облыстық білім басқармасында ҰБТ-ны ұйымдастыру мен өткізудің биылғы іс-жоспары бекітіліп, барлық білім ұйымдарына таратылып берілді. Сол бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Яғни, оқу жылының басынан бастап осы уақытқа дейін әрбір орта мектеп бітірушілері сынама тәстілеуден өткізіліп, оған ай сайын талдау жасалуда. Мек-

теп бітірушілерді тегін сынама тесттен өткізу үшін кітапша алып беруге облыс бойынша барлығы 19 млн 951 мың теңге қаржы қарастырылды. Сонымен қатар Жаңақорған ауданы Бесарық елді мекенінде орналасқан “Облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру” орталығында осы уақытқа дейін жоспарланған 2008 мектеп бітірушінің 1698-і, Арал ауданында ашылған “Қамбаш” балаларды оқыту-сауықтыру орталығында ауданның 400 мектеп бітірушісі дайындық курстарынан өткізілді. Бұған қоса, әр мектеп бойынша айына екі-үш реттен, ҰБТ өткізу пункттерінде бір-екі реттен сынама тест алынуда. Сонымен қатар “Айтест” сайтына әрбір мектеп бітіруші тегін әрі дербес еніп, ҰБТ-ға қажетті материалдарды меңгеруде. Білім басқармасы жанындағы арнайы мәжілісте ҰБТ-ға дайындық барысы 4 рет қаралып, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар берілді, олардың орындалуы бақылануда.

ҰБТ-ға қатысатын мектеп бітірушілердің жатын орындары, тамақтануы мен тасымалдануына жыл сайын арнайы қаржы қарастырылып келеді. Биыл да тендер жеңімпаздары бұл жұмысты мінсіз атқаратын болады.

Биыл маусым айының басында жалпы білім беру ұйымдарының 11 сынып бітірушілеріне Ұлттық бірыңғай тәстілеу нысанында тәуелсіз бағалау тәсілімен 12-ші рет қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізіледі. Түлектерге сәттілік тілейміз.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.

АТОМ САРБАЗДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ

Чернобыль АЭС-дағы жарылысқа биыл 29 жыл толуда. Осыған орай, Қызылорда қалалық «Чернобыль» қоғамдық бірлестігі мен облыстық Чернобыль, Ауғанстан және Кенес Армиясы әскерлері бірлестігінің «Ару-Ана» қоғамдық бірлестіктерінің ұйымдастыруымен «Тағзым» алаңында сәуле апатының зардабынан қайтыс болған сарбаздарды еске алу шарасы болып өтті.

Украина қаласында болған тосын апатқа еліміз бойынша 32 мың адам қатысқан. Оның 850-і Сыр өңірінің сарбаздары. Бүгінде олардың 147-сі ғана қалған. Мыңдаған адамның өмірін қиған осы бір қасіреттің құрбандарына арналған шара арамсыздан кеткен сарбаздарды бір минут еске алудан басталды. Мұнан соң «Қызылорда облысы Азаматтық Альянсы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Әліма Әбдіхалықова сөз алып, апаттың зардабын, оған қатысқан адамдардың өшпес ерлігі мен кейінгі ұрпаққа берер тәрбиесін жеткізді. Бұдан бөлек, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Д.Таубаев, «Ерлік» үйлестіруші кеңесінің төрағасы Қ.Баймаханов, «Қызылорда-Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы С.Әбіш сөз сөйлеп, замандастары жайлы естеліктерін ортаға салды.

Шара барысында атом сарбаздарына арналған ескерткіш басына гүл шоқтары қойылып, құран бағышталды. Сондай-ақ, Чернобыль АЭС-ін залалсыздандыруға әртүрлі мерзімде әскери міндетін өтеп, ерлік көрсеткен бірқатар сарбаздарға Алғыс хат пен медальдар табысталды. Солардың бірі – Нұрқасым Ерташов.

Мен Украинаға Теренөзек ауданынан аттанған болатынмын. Яғни, 1986-1988 жылдары 48 сарбаз қатыстық. Қазір соның 17-сі бар. Біз барған кезде АЭС-тың 4-блогы жарылған. Соның шатырын жабуға және жергілікті халықты қауіпсіз аймаққа көшіруге атсалыстық. Қанша жыл өтсе де, зардабы әлі де сезіледі. Бүгінде II топтың мүгедегіміз. Мұндай қасіретті ешкімнің басына бермесін, – деді ол.

Жылдар өтсе де бұл апаттың қасіреті елдің мәңгі есінде қалмақ. Тек бір өкініштісі, залалсыздандыру жұмысына қатысқан жерлестеріміздің қатары күннен күнге сиреп барады.

М.ОТАРАЛЫ.

Қызылорда облысының қаржы басқармасы.

ӘКЕ АРМАНЫНЫҢ ЖАЛҒАСЫ



сетілген мөлшерде оның отбасына кіріс кіріп тұрған. Жалпы, аудандық әскери комиссариатта: «Шүйіншалы Оспанов 1941 жылы майданға аттанып, 872 АП, 282 Тарту АД құрамында атқыштар взводының командирі болып соғысқа қатысқан» деп жазылған. Ал, 1945 жылдың 24 қаңтарында кезекті бір ұрыс кезінде қаза тауып, Германия маңында жерленген деген мәлімет «Боздақтар» кітабында тайға таңба басқандай көрсетілген.

Онан бері де қаншама жылдар алға жылжыды. Алайда, ұрпақтарының әке туралы ойы, сағынышы бір сәт толастаған жоқ. Ізделді, көптеген құжаттарға үнілді. Ақырында, немерелері аңсаған аталары туралы ғалымдардан: «Оспанов Шүйіншалы соғыс кезінде екі мәрте жараланған». СССР Жоғарғы кеңесі Президиумының атынан

неміс фашистерімен соғыста ерліктің ерен үлгісін көрсеткені үшін атқыштар дивизиясының командирі, генерал-майор Шолевтің 1945 жылғы 10 ақпандағы №017-II бұйрығымен «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапаттаған» деген тың деректерді тапты.

Үш баласын құндақтаған Салтанат Отан үшін құрбан болған ерінің көзіндей қыздарын, өзіндей ұлын қатарынан қалдырмай жетілдіреді. Нақтырақ тоқталсақ, Зейнеш пен Айнашы – омырауларына Президент Жарлығымен берілетін «Батыр ана» медалін тағынған ардақты жандар. Нұралы болса, бір шапырақтың шынары. Әке қамқорлығын сезінбесе де, сол әкенің текті қасиеттерін бойына дарытты. Аяулы анасының тәлім-тәрбиесімен келер күнге зор сеніммен көз тікті.

Бүгінде 74 жастағы зейнеткер ұзақ жыл білім саласында жемісті еңбек етіп, мектеп директоры, аудандық білім бөлімінің бастығы қызметтерін абыройлы атқарды. Қысқаса, қоғам дамуында өзіндік қол танбасы бар Нұралы жұбайы Қазынамен бірге жапырағын жайған бәйтеректей тәртті бала тәрбиелеп, немерелерінің қызығына кенеліп отырған бақытты ата. «Орында бар оңалар» деген осы шығар.

Абай ЕЛЕШ.
Арал қаласы.

...Төрінде әкесінің суреті. Қарайды да, жансыз бейнесіне еріксіз өміренеді. Сосын, тағдырдың жазуы осы шығар деп өзін-өзі жұбатады.

Иә, ол – жауынгердің ұрпағы, аудан әкімі жанындағы қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Нұралы Оспанов. Біз тақырыпқа арқау еткен Ұлы Отан соғысының ардагері Шүйіншалы Оспанов 1909 жылы Арал ауданы, Қамыстыбас ауылында дүниеге келген. Жастайынан әр түрлі жұмыстардың басы-қасында жүріп, еңбекке шыңдалған жігіт, 1931 жылы Құдакелді қызы Салтанатпен отбасын құрады. Араға аз уақыт салып, бүкілодастық коммунистік партиясының мүшелігіне қабылданды. Арал ауданындағы Әділет саласында сот орындаушылық қызметін де атқарды. Кейін, Қамыстыбас ауылында уәскелік сот ретінде жұмыс істеп, артынан аудандық сотқа ауысты. Өзіне жүктелген әрбір міндетті аса жауапкершілікпен атқарып, жоғарғы басшылықтың назарына ерте іліккен жан Алматыдағы әділет саласы қызметкерлерін әзірлейтін алты айлық курстан өтіп, әділет саласы бойынша арнаулы орта білім алды.

...Бейбіт ел мамыражай күндерді бастан кешіп, көі үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман. Бірақ, бұл үлкен дауыл алдындағы тыныштық еді. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, елдегі қолына қару

өлендерімен қоса, тылдағыларды төзімге шақырған жалынды жырлары ел жалдына жатталып қалған. Ал, анаң Қатша болса, майданға елден сәлем жолдап өлгенмен хат жазып тұратын. Дүние-ай, сондай асыл адамдар да өмірден өтті-ау» деп ұзақ естеліктер айтып, батасын берген болатын.

Содан бері бақандай 5 жыл өткен. Менің өзім 50-ге жасындаым. Ал, әкем көктемде, Ұлы Жеңістің мерейлі 70 жылдығында 100 жасқа толады екен. Уақыт желден жұйрық деген сол екен-ау. Кейде ұлысымызда тұрған бақыттың бағасын білмей, босатып жібереміз. Ал, біздің әкелеріміз ше? Қан майданда да сүйем жерді дұшпанға бермеу үшін жан беріп, жан алысты. Сызды оқопта жатып, жалынды жырлар жазды. Қайран қалатыным, әкемінің математика ғылымын әдебиет, өнермен сабақтастырып, өлең жазғаны. Ел ішінде көп тараған «Қош болып тұр, Қазақстан аймағым!» өлеңін ауылдың қариялары жатқа айтып отырды әуенімен. Сол қасіретті шақтың әнұраны секілді бұл әнінің әуені де зарлы, көңілге қиындықпен мен сағыныш ұялатады. Сол өлеңді ауыл адамдары тебірене шырқағанда, олардың жанарынан мөлтілеп тұрған жасты көріп, мен де босап кетіп, зарлы әуенге қосыла шырқалдым.

Қош болып тұр, Қазақстан аймағым, Ойлай берсем, еске түсер қайдағым. Туған жер мен өскен жерге қауышып, Бұрынғыдай болар ма екен сайраным?

Шылдығында, өзі өлеңмен өрнектегендей, бізді жарық дүниеге әкелген әкеміз мүгедек болып, елге оралды. Артынан өлді деген «қара қағаз» да келген болатын. «Мамасев» қорғанындағы ескерткіште қайтыс болғандардың ішінде әкемінің есімі де жазылғанын ес біле, әкемінің өз аузынан естіді. Тұтқынға түсіп, жаралы да болған. Бертін келе шыққан «Боздақтар» кітабында 1943 жылы қайтыс болған деген сөздерді көзі тірі кезінде әкем өз көзімен көріп, қайран болды. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлер» деген аталы сөз ақиқатқа айналып, әкем соғыстан дін аман оралды. Дегенмен, ол уақытта соғыстан соңғы ауыртыпталық та алыстағы ауыл адамдарына оңайға соққан жоқ. Бірде аш, бірде тоқ болып, таза еңбек пен төгілген маңдай тердің арқасында анасынан 5 жасында, әкесінен 9 жасында тұл жетім болып қалған әкем атадан қалған бір жалғыз болып



жағына шықты. Күндіз қимылдамай жағып алады да түнемелік жүреді. От жағуға, темекі шегуге тыйым салынған. Тамыз айында межелі жерге келіп жетті. Әлібек Қайымовқа аға сержанттықтан кейін, кіші лейтенант атағы берілген. Қарамағында оншақты жауынгері бар. Бұлар арнаулы топ болып, қайта жасақталып, жедел түрде дайындықтан өтті. Екі-үш рет жауапты тапсырма беріліп, құрамымен бірге жау жағында жинақталған жанармай базасына тұтқиылдан шабуыл жасап, өртеп жіберді. Бұндайда олар жапон әскерлеріне киініп алып, еркін қимылдады.

Бүгін түнде кеңес жағында да, Квантун Армиясының ту сыртынан да бір мезгілде жаппай шабуыл басталады. – деді дивизия командирі. – Соған мұқият дайындалып, бар жинақтаған әскери тәжірибелеріңді тиімді қолданыңдар. Барлық жауынгерлер тиісті орындарына жайғасып, түнгі үштің шама-сында, атылған ракетадан кейін жойқын соғысты бастап жүрдің. Аспанда шабуылдаушы да бомбалаушы да ұшақтар қатпаса,одан кейін артиллерия мен зеніткерлердің, атықты «Катюшадан» оқ тынымсыз жау үстіне тоніп, айналасын қопарып, отқа орап жатты. Танкілер жау әскерлер алдына түсіп, пынжыр табандарын шыдыратып, алдыға жөңкілді. Жау шебіне снаряд, оқ, бомба түсіп, бас көтертпей, жер жастандыра берді. Жау бекіністері бірінен соң бірі қолға өтті. Ту сыртынан шабуылдаған Кеңес Армиясы, ерекше жетістіктерге жетіп, жапон әскерлерінің есін шығарды. Қызу соғыс толассыз бір айға созылып, Квантун Армиясы, кеңес жауынгерлерінің соққыларына төтеп бере алмай, амалсыздан тізе бүкті.

Әлібек бұл жеңістерден кейін Кеңес Армиясы құрамында 1950 жылға дейін қалып, кейін ішкі істер қызметіне ауысып, елге аман-есен оралды.Бұл келгенде әкесі Қайым, шешесі Мауе мен қарындастарының қуанышында шек жоқ еді.

Алғашқы қызметін Тереңөзек аудандық прокурорының хатшылығынан бастап, кейін Қазалы және Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімдерінде жауапты қызметтер атқарды. Сталинград жоғары милиция мектебін және Қазалы ауыл шаруашылығы техникумында механика факультетін сырттай бітіріп, бұл қызметті аға лейтенанты шенімен аяқтап, кезектен тыс зейнетке шықты. Майдандағы да қызметтегі де еңбектері оранды мадақталып, жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз», «II Дрежелі Данк», «Ұлы Отан соғысы» ордендері мен «Сталинградты қорғағаны үшін», «Жапонияны жеңгені үшін», «Кеңес Армиясы мен Флотына 30 жыл» және «Еңбектері ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

Елге келу бойына Бибайша Досжановамен бас күйіп, тұрмыс құрды. Екеуі өмірге Бақытжан, Сайлаужан, Әу-бөкір, Қайрат, Орынбасар есімді ұлдарын дүниеге әкеліп, ер жеткізді. Бүгінде туғанына тоқсан жыл толған, Ұлы Отан соғысының ардагері Әлібек Қайымовқа Ұлы Жеңістің 70 жылдығын көру жазбапты. Аnamыз Бибайша да бақилық сапарға аттанып кетті. Бірақ осы шапырақтар өрген ұлдары, ел қорғаған, тәуелсіз елінің бақытты шағын армандап, жан-тәнімен үзе қосқан әкелерін мақтаныш етіп, әр уақытта еске алады.

Б.ДҮЙШЕНБЕВ.
Қызылорда қаласы.

Н.НАЗЫМХАНУЛЫ.

Шиелі ауданы.

СОҒЫСҚА 17 ЖАСЫНДА АТТАНҒАН

1943 жылы майданға аттанғанда Көшек Қосжанов небәрі 17 жаста еді. Мұрты енді тебінеген бопала оң мен солы танып үлгермей жатып, өмір атты ұзақ жолдың алғашқы ауырталығына осылай ұшырасты. Оның алдында да көрген қорлығы аз емес еді. Өйткені, кезінде мыңғырған мал айдаған байдың отбасында дүниеге келгендігі әрдайым алдынан кесе көлденең шығып тұратын-ды. Орыс патшасының тағы төңкеріліп, ақ пен қызылдың алапат шайқасы елді шарпып тұрғанында көмексеге ұшыраған Қосжан билдің шаңырағына қайдан тыныштық болсын? Бала Көшек колхоз құрылып жатқан шаққа шаруашылықтың жұмыстарына араласып, арба да айдады, отын мен шөп те тасыды. Өйтсеуір, күндіз-түні тыным көрген жоқ. Ауылдағы кейбір адамдар мұны шын жасан жасырып жүр деп әскери комиссариатқа сыртынан көрсетіп, быны қаттай жатып, соғыс өртінің ортасынан бүрк еткізді.

Жау әскер құрамында болған ол Ресей жеріндегі жорықтан бастап, сонау Германия қалаларын жеңісті жолмен аралап өтті. Осылай жеңісті басқыншылардың астанасы Берлинде қарсы алды. Рейхстағқа тігілген қызыл туды көзімен көрді. Соғыс біткенімен, елде аяқсыз қалған шаруа шапн еткенен еді. Ол қираған

қалаларды қалпына келтіру жұмыстарына белсене араласып, әскер қатарынан елуінші жылдары бірақ қайтыс емес пе?

Елге оралғанын кейін соғыс салған өртен тұралаған ауылды көтеру, шаруашылық жұмыстарын ретке келтіріп, халықтың ал-ауқатын жақсарту тұрғысында шаруаларға белсене кірісті. Шиелі ауданындағы «Коммунизм» колхозы, «Еңбекші» ауылында өндіріс бригадирі болып, ат үстінде жүрді. Ай сайын, жыл қорытындысында міндеттемелерді асыра орындап, абыройға бөленгені ел есінде. Ол бірнеше рет ауылдық кеңестің депутатты, аудандық конференциялардың делегаты ретінде жиналдарға қатысты. Амал не, соғыс салған жаракат жанын жаралағанымен қоймай, ақыры тән жаракатында да асқандырды. Көшек Қосжанов 1973 жылы 47 жасында бақилық болды. Жан жары Жадыра екеуі 9 пәрзент сүйген еді. Бұл күндері артында бар оңалар демекші, бәрі де бір-бір шапырақтың несі. Тәуелсіз еліміздің одан әрі даму барысына өз шамаларына қарай еңбек етіп жүр.

ОТТЫ ЖЫЛДАР ЖАНҒЫРЫҒЫ



Әкем Қожахмет Рысәуле-тов Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, I-Май ауылында 1909 жылы шаруа отбасында дүниеге келген. Анасы қайтыс болғаннан кейін 1923 жылы Ақмешіт қаласындағы Ахмет

Байтұрсынов атындағы балалар үйіне қабылданып, 1924 жылы Орынбор қаласындағы пете-ринар техникумының алдына да даярлық бөліміне жіберіліпті. Техникумды 1928 жылға дейін оқып, Сүлтөбе ауылдық кеңесінің хатшысы қызметін атқарған. 1929 жылдың қаңтар айынан бастап, 1930 жылдың маусым айына дейін Түркістан қаласындағы ФУЗ депода оқыған.

Оқу барысында партия мүшелігіне үміткер болады. 1932 жылдың маусымынан коммунистік партияның мүшесі атанған. 1930-1932 жылдар аралығында Түлкібас ауданында нұсқаушы болып қызмет атқарыпты. Содан кейін Қарағанды ВЛКСМ обкомында нәсіхат және үгіт бөлімін басқарады. 1933 жы-

лы денсаулығына байланысты босатылған. 1933 сауық-қан соң Каз АССР совнаркомында екінші хатшы қызметін атқарған екен. Ташкент теміржолына қарасты «Горняк» совхозында директор орынбасары болған. 1934-1936 жылдары Жанакорған ауданына нұсқаушы, 1937 жылы Қармақшы ауданына хатшы болған. 1939 жылы педагог қызметіне ауысып, 1942 жылы Қызылорда әскер комиссариатынан майданға алынады. 1942-1943 жылдары Бряньск қаласы саяси әскери училищес курсанта, 1943 жылдан бастап СУ-76 (танк) коман-дирі болып майданға ат-танады. 1944 жылы командир, оқ дивизия командирі 39-атқыштар дивизиясында болған. 1945 жылдың наурыз айында

бірінші Қиыр Шығыс май-дамының 39-атқыштар ди-визиясы құрамында СУ-76 коман-дирі болып Жапон со-ғысына кірген. 1946 жылдың жазында елге аман-есен ора-лып, өмірінің соңына дейін үс-таздық қызмет атқарды. 1968 жылы дүниеден озды.

Әр Жеңіс мерекесі сайын әкеміздің майдандағы жо-рық жолдары жайлы айтқан әңгімесі еске түседі. Қарулас-тары, ұрыста болған оқиғалар туралы айтқандары көз алды-мыздан бір тізбектеліп өтеді. Сол кезде бүгінгі бейбіт өмір-дің бізге қаншалықты қым-батқа түскенін түсінеміз. Жә-не... Жеңіс майдангерлерінің мәңгілік құрмет төрінде тұруы тиістігін тағы бір бағамдаймыз.

Сәрсен РЫСДӘУЛЕТОВ.

Қыстан жұртшылық қатты қысылып шықты. Күн өте суық әрі қалың қарлы болды. Төрт түлік малдың шөбі қаңтар айы өткеннен таусылып, арық-тұрағы көбейіп, өле бастады. Көктем шыға қой төлдету басталды. Ауыл халқы жаны-жүр, жүтіріп жүр.

Оның үстіне майдандағы соғыстың дақпырты-ақ бұлардың енесін түсіріп жіберген. Неміс-фашистерін Кеңес Армиясы кейін тысқырып, шегіндірді дегенмен, әрбір жеңіс оңайлыққа түскен жоқ. Ауыл ішін қайғы бұлтты тұмшалап, қаралы қағаздың саны көбейіп кетті.

Тұңғыш ұлы Әлібек Тереңөзек қыс-тағындағы Калинин атындағы орта мектепті бітіргелі жатқан. Наурыз айы-ның бас кезі. Кешкісін қараңғы түсе баласы Әлібек асығыс ауылдағы үйіне жетті. Әкесі Қайым, шешесі Мауе мына суыт келісінен үлкен күдік алып, маза-сызданды.

Інісі Сәдібек, қарындастары Қалжан, Мейрамқұл ағаларын көріп, қуанып

ҚОС МАЙДАН КУӘГЕРІ

кетті. Қыстан бері қарсын көрсетіп тұр-ғаны осы. Бұл да бауырларын сағынып қалыпты. Құшағына қысып, беттерінен сүйіп жатыр.

– Айналайын, ол жақтағы ел-халық, ағайын-туыс аман ба? Жүрісің өте асы-ғыс қой, балам. Жайшылық па? – деп әкесі алаңдады.

Әлібек, әкесінің қолына – аудандық әскери комиссариаттың майданға ша-қырған қағазын ұстатты.

– Оныншы класты бітірмей-ақ, алып кете ме? Әлі де мұрындарыңның құрты түспеген жас емессіңдер ме? – деп бір-жағынан қатты қиналды.

– Бұл не, отағасы-ау? – деді.

– Иә, балаң ержетіпті. Енді ел қор-ғауға аттанбақ.

Анасы Мауе көйлегінің етегін ті-зесімен басып, жерге сылқ етіп отыра кетті де жаулығының үшыммен көзін мөлтілдей толған жасын сүртті.

– Апасы-ау, жамандық шақырма? Жылағаның не? Қайта, ұлының азамат болғанына қуан. Бар халыққа ортақ – Отан қорғау, – деп басу айтты.

Көкейтін інісі мен қарындастары да елencedісіп, көздері атыздай болып кеткен.

Ергеніне ауыл тұрғындары болып, арқасынан қағып, маңдайынан сүйіп, қимастықпен Әлібекті шығарып салды. Қызылорда қаласына дейін әкесі Қайым еріп барды.

Теміржол вокзалының басы құжы-наған у-шу халық. Жылап, көздерінен жас алып, бірі бауырын, енді бірі жарын, тағы бірі қимас ұлдарын майданға аттандырғалы тұр.

Әскери жауынгерлік міндетін Ста-линград майданындағы 436-полкпен бастады. Жау кейін шегініп, баыға жой-қын алдуынды қарқыны басылған шақ. Кеңес Армиясы жауынгерлері біраз күш алған. Жеңіске деген дәме мен үміт күшті. Мұндай алапат жарылыс пен жан-жатарынан зуылдай ұшқан оқтарды бұрын көрмеген. Оқопқа түспей жатып-ақ, талайы қанғыған оқтың құрбаны болды. Мұның қатарында Мұстафа деген өзбек пен Саша атты орыс жігіті. Өзбек оқопқан бас көтермейді. Басын қолымен бүркемелеп, жауып алған. Бұл мылтығын кезеніп, алдының жау шебіне қарады. Қаптаған немістер, осылдай қарай ары-бері ойқастай жүтіріп, шабу-ылдап келеді. Рота командирі шағын денелі өзербайжан жігіті.

Жақындасын. Сосын көздеп атың-дар. Әр оқтарың мүлт кетпесін, – деп ескертті.

Бұлардан бұрын майдан жайына қанық. Әрі жақсы біледі. Екі рет жа-раланып, госпиталға түсіп, қайтадан қатарға қосылған беті екен. Оның ой-



талай жігіттер ажал құшты. Жаралан-ғандар саны да жеткілікті. Әлібекті Құ-дай сақтап, осы жерде төрт ай соғыс-қанда да жараланбай, майдан даласынан аман шықты.

Осы жылдың шілде айында әр рота-дан жауынгерлерді іріктеп, 353-атқыш-тар полкі құрамындағы 210-атқыштар дивизиясын жаңа күшпен жасакатты ба-стады. Осы құрамға Әлібек Қайымов та қосылды.

Бұларды бір ай қайта даярлап,екі пулеметшілер ротасын құрды. Осы қат-арда Әлібек те жаттығу қорытынды-сымен таңдаулы пулеметші атанды.

Теміржол вокзалына саппен алып келді. Қатар-қатар бірнеше вагон тір-келген паровоздар тұр. Жаңа жасақ-талған атқыштар полкын осы эше-лондармен шығысқа қарай Владивосток қаласына жөнелтті. Бұл кезде Жапония империалистерінің Квантун Армиясы кеңес үкіметіне ерекше қауып төндіріп тұрған кез. Бұларды кейін Амур өзені бойына орналастырды. Бұл жерде қуа-тың әрі мықты бекініс салыпты. Екі майданда бірдей соғыс жүргізуге, кеңес үкіметінің шамасы жетпейтінін түсініп, тері бұл бағытта қорғанысты күшейте беріпті.

Қарындастары Қалжан мен Мейрам-құлдің 1944 жылғы жаз айында келген хатынан, інісі Сәдібектің де әскери комиссариаттан шақыру қағазын алып, майдан шебіне аттанып кеткенін есітті. Екі бірдей баласының соғысқа алынуы, әкесі мен шешесіне ауыр соққаннан се-зіліп, қатты қапаланып, жүрегі қан жы-лағандай болды. Бірақ істерге не шара бар. Бәріне ортақ жай. Ел қорғап, со-ғысудан өшкім, жырақ қала алмайды. Тылдағы жағдай да онша мәз емес екен. Бірақ жергілікті халық бәріне де шыдап жатыр.

1945 жылдың шілде айында бұлар тау асуынан өтіп, арып-ашып, Қытай



медальдарымен қоса қажырлы еңбегі үшін алған марапаттары қоса жарқырады.

Дегенмен әкемі өмірден ерте кетті. Оның сабырлылығы, шынықтылығы, еңбек сүйгіштігі, аламершілтігі, ізеттілігі анамыздың айтуымен құлағымызға сіңіп, жүрегімізге түйген асыл қасиеттері қалды. Бізге бейбіт өмір сыйлаған жауынгер батырларымыздың ерліктері ешқашан ұмытылмақ емес.

Ақбота СЕЙДАХМЕТОВА.
Қызылорда қаласы.



ЕРЛІГІ КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛҒАН

Ұлы Отан соғысының төрткүл дүниені шарпып жанған отының сөнгеніне де 70 жыл уақыт өтсе де, оның салған жарасы жүректе қалды. Кескілсекен шайқасты халық ешқашан ұмытқан емес. Оның қасіреті тарих койнауында сақтаулы, ел есінде жаттаулы тұр. Өйткені, соғыс қасіреті қаншама ұйыған отбасының шырың бұзып, жетім мен жесірдің санын арттырды. Қазақ батырлары қан майданда ерлік танытып, жеңісті жақындытты. Олардың бір ғана армандары болды. Жеңіске жетіп, кейінгі ұрпаққа бейбіт өмір сыйлау. Бұл арманға қол жеткізді. Бірақ Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Міне, қолына қару алып, жауға қарсы шыққандардың қатарында Дүйсенбай Мұсаұлы да болды.

Дүйсенбай Мұсаұлы 1924 жылы наурызда Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, қазіргі Шіркейлі ауылында (бұрынғы Қызылту) дүниеге келген. Осынау Жеңісті жақындатқан жан жадында бүгінге дейін алапат соғыстың қасіреті жаттаулы.

Зерек те алғыр Дүйсенбай көмелет жасқа толған шағында елге суық хабар жетіп, көпнен бірге майданға аттанады. Жаркылдап тұрған жас өзіне жүктелген тапсырманы тыңғылықты орындаумен көзге түсті. Майданның алғашқы күндерінен бастап, қолына қару алып, байтақ Отанның, жерін қорғау үшін өр кеудесін жауға тосты. Соғыс тактикасын меңгеріп, талай ұрыста ерлік көрсетеді. Медальдармен марапатталды. Небәрі 18 жасында әскер қатарына алынғып, Украина, Днепр жағалауы және Киев маңын азат етуге қатысты.

Атамыз терең ойға шомып, соғыс жайлы естеліктерін айтып, төрінде ілініп тұрған медальдар мен Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдаған құттықтау хаттарын, облыс



әкімдерінің Құрмет грамоталарын келген уақытына дейін жаңылмай айтып отырады.

– Біз отбасымыздан үш азамат әскерге аттандық. Әкемің інісі Садық, үлкен ағам Дәлел және мен. Отқа оранған сұрапыл соғыс ішінен тірі келіп, ел игілігіне қайта араласу кім-кімнің де болса парызы еді. Бұл азат күніміз бізге Алладан бұйырған бақыттымыз деп білемін. Аллага мың да бір шүкіршілік, ауыл ардақтайды, ел құрметтейді. Өкініштісі, қатарымыз күн санап азайып барады. Бүгінде ауылдың ең үлкен қариясы екенмін. Торқалы тоқсан жастан асып, тұғыры биік тәуелсіздігімізбен бірге жасап келемін. Ұрпақтарыма әрқашан елі сүйген, елін сүйген Елбасы аман болып, бейбітшілік, ынтымақ, береке мәңгілік болсын деп тілеймін, – дейді карт жауынгер. Атамыз елге аман-есен оралып, 1950 жылы әкеміз Базаркүл Ертайқызымен отбасын құрып, бүгінде 9 ұл-қыз өсіріп, 40-тан аса немере, шөберенің қолынан су ішіп, бақытты ғұмыр кешуде.

Менің есімде сақталып, болашағымың бастауына айналған, ел ішіндегі жақсы дүниелерді танып, шығармашылық қабілетімді арттырған осы – Дүйсенбай ата. 1998 жылы алғаш 6-сыныпта оқып жүргенімде балалар мен жасөспірімдердің газеті «Ұлан» газетіне 6 айға жазылып, түбіртегін сыйлады. Осыдан кейін «Ұлан» газетін үзбей оқып, республикадағы шығармашылық талантты үздік оқушылар қатарына іліктім.

Міне, карт майдангер бүгінде елге сыйлы ақсақал. Оның өмірден көргені мен түгені мол. Ұрпағына қашанда жасы өсетін айтып, берекелі шаңырақтың алтын дінгетіне айналды. Өсірген ұл-қыздары бір-бір мамандық иесі атанып, әке үмітін ақтады. Немере, шөбересінің қызығына бөленді.

Бүгінде Дүйсенбай атамыз тоқсаннан асса да бес уақыт намазын оқып, күн сайын радио тыңдап, елде болып жатқан жан-жақты жаңалыққа өз пікірін білдіріп отырады. Біз де асқар тау атамызға әрқашан оң денсаулық пен ғұмыр тілеп, ақ батасын алып, айтқан әрбір өсетін жадымызға қалдыруға тырысып жүрміз.

Расында, қаһарман бабалардың есімдері мен ерліктерін артында қалған ұрпағы ұлықтап, есте сақтап қала бермек. Бұл – біздің басты парызымыз.

Мәрзия МУСАЕВА.
Қызылорда қаласы.

МЕНІҢ АТАМ – МАЙДАНГЕР!

Өмірдің кенен жайып керегесін, Ерліктің жасадыңыз өнегесін. Ұрпаққа берген үлгі – тәліміңіз, Періште көңілдерде өне берсін.

М.Мақтаев.

Соғыс... Қаншама ата-әжелеріміздің жастық шағын ұрлаған, қанша жерлестеріміздің өмірін қиған сұрапыл жылдар...

Ұлы Жеңіске!.. Осы бір ауыз екпінді сөз сананды сөлт еткізіп, рухыңды жігерлендіре түсетіндей. Көктемнің шуақты күнінде келетін Жеңіс күнін ерекше құрметтеймін.

Рух – адам жүрегінің көзі. Бойға қуат, ойға сәуле, сезімге от береді. Рухы мықты тұлғалар әрдайым өмірдің парасат шыңының шырақ биігінен табылады. Менің ғұмылымдағы дәл осындай тұлға, менің қадірлі атам – Нұртай Жайсаңұлы.

Омырауларына төсбелгілерін жарқырата тағып, кәрілікке мойымай, еңсесін тік көтеріп, сапта тұрған майдангерлерді көргенде менің де бойымды сағыныш сазы билеп, майдангер атамды солардың арасынан еріксіз іздеймін. Оның ерлік істері бойыма мақтаныш сезімін ұялатады.

Сондақтан да мен жыл сайын отбасыммен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігін паш етуді азаматтық парызым деп санаймын.

Біз Жайсаңовтар әулеті соғыс аяқталғанмен қан майданда қаза тапқан жауынгер бабамыздың жатқан жерін біраз уақытқа дейін таба алмадық. Біз жолда менің көкем – Қармақшы елінің белгілі қариясы, оқу ісінің үздігі, Ислам дінін зерттеуде бірнеше кітаптың авторы, тарих пәнінің маманы – Сәден Нұртайұлының еңбегі ерекше. Сәден Нұртайұлы өзінің ата-анасын ерекше құрмет тұтқан жан. 40 жылдан астам хабарсыз кеткен әкесі Нұртайдың қабірін табады жан-жаққа хат жіберіп, мұрағаттың сарғайған парақтарын ақтарып, көп ізденді. Ақыры әкесі жатқан жерді тауып, аруағына құран бағыштап, басина ескерткіш белгі қойды.

Менің майдангер атам – Нұртай Жайсаңұлы 1898 жылы Қармақшы мен Жалағаш аудандарының аралығындағы

«Көкөтөбе» колхозында дүниеге келген.

Нұртай Жайсаңұлы соғысқа дейін колхозда бригадир болып жұмыс жасаған. Жұмыста ұйымдастыру қабілеті мол азаматты ауылдастары қимай қоштасып, шығарып салды. Ол көп ұзамай қысқа дайындықтан өткесін Ленинград майданына аттанған.

1942 жылы қазан айында Кеңес Армиясының қатарына шақырылып, Ленинград майданында 80-атқыштар дивизиясының 77-атқыштар полкінің атқыш-жауынгері болған.

Ленинград қоршауының қиын-қыстау кезеңінде атақты «Искра» операциясына қатысып, 1943 жылы қаңтар айында қоршауды бұзуда ерлік көрсетіп, айрықша көзге түскендердің бірі болыпты. Содан соң Киров ауданының Сивягина поселкесін азат етуге қатысып, 1943 жылы 1 ақпан күні шайқаста қаза тапқан.

Ол кісі поселкелік кеңес кеңесінің алдындағы төбеле, туысқандар зиратында, Совет Одағының Батыры Гюнар Павел Ивановичпен қатар жерленген.

Сивянино поселкесінің тұрғындары Ленинград қоршауын бұзудың 50 жылдығына сәйкес (1943 ж. қаңтар – 1993 ж. қаңтар) Н.Жайсаңовтың атын мәңгі есте қалдыру мәселесін қозғаған.

Нұртай атам майданға аттанғанда 44 жасқа толған атпал азамат еді. Оның отбасында үш ұл, екі қыз – бес бала қалған. Жұбайы Рабига колхозда еңбек ете жүріп, тірі жетім болып қалған балаларын жетілдіру үшін тынымсыз еңбек еткен. Сұм ажал ол кісіні де көп ұзамай алып кетті, ауыр науқастан кейін 1946 жылы көз жұмды.

Қазіргі кезде орыс жерінде мәңгі қалған қазақ жауынгерін Нұртай Жайсаңұлының немерелері, шөберелері, шопшақтырының өзі бір қауым ел. «Орнатыл» бар – оңалар» демекші, жауынгер әулеті соғыс майданында қырыпн кеткен атасының басина ескерткіш белгі қоюды өздерінің абзал борышы деп санады.

Сөйтіп, 1991 жылдың аяғында інісі Байтөбеге, баласы Сәден мен Әбілқасп, және немересі Рахқұл Нұртаевтар граниттен жасалған ескерткіш белгіні жауынгер атамның қабірінің басына қойды. Ескерткіш белгіні жауынгер қабірінің ба-



сына қою да үлкен рәсіммен өтті. Оған Сивянино селосының, Киров ауданының өкілдері қатысты.

Биылғы жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай немересі Нұртаева Хадия Сәденқызы мен шөбересі Жанна Арнайы барып, ата аруағына тағзым етіп, перзенттік парызын өтеп қайтты.

«Қариясы бардың қазынасы бар» деген сөз тегін айтылмаса керек. Бабалар жолы – тарих, аталар жолы – өнеге деген дәйектесме тағы бар.

Туған елі майдангер атам – Нұртай Жайсаңұлының есімін қаліріп, ерлігін қастерлеп, есімін мәңгі сақтау мақсатында туған жері – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентіндегі бұрынғы «Комсомол» көшесіне 1993 жылы Нұртай Жайсаңұлының есімі берілді.

Біз соғыс дүрмегін көргеніміз жоқ. Біздің балалық жастық, еңбек шақтарымыз бейбіт аспан астында өтуде. Заманымыз тыныш, тәуелсіздігіміз тұғырлы, халқымыз бірлікте бақытты ғұмыр кешуде. Біз ғасырлар бойы ата-баба армандаған тәуелсіздік туын желбіретіп, әнұранын көкте әулеткен халықтың ұранды ұрпағымыз.

Біз майдангер ата-бабаларымыздың алдында мәңгілік қарыздармыз. Бүгінгідей мамыражай өмір сыйлаған олардың данқты жолдары біздерге қашан да үлгі-

өнеге. Олар тәуелсіздіктің атар әрбір таңы үшін табындылықпен күресті.

Халқымыздың данқты ұлдары мен қыздарының қан майдан мен тылдағы өшпес ерлігі мен ерен еңбектері ешқашан да ұмытылмайды. Уақыт алға жылжыған сайын бұл ерліктің шоқтығы биіктеп, қалір- қасиеті, бағасы артып, тағлым-тәрбиесі мен мән-мағынасы мейлінше тереңдеп, даралана түседі.

Қайда жүрсе де «елім, ұрпағым аман болсын!» деп тілеумен жүрген, менің алтын да бағалы майдангер атам – Нұртай Жайсаңұлының ерлігін әрқашан мақтан тұтамын.

Рухы биік, кеудесі кең, жүрегі мейірімді қайран менің ержүрек атам – Сіздің есіміңіз бен ерлігіңіз біздің мәңгі жүрегімізде. Сіздің ұрпағыңыз мәңгі жасайды, жан ата!

Менің алдағы арманым – көрші Ресей еліндегі Нұртай атамның жатқан жеріне барып, ата аруағына тағзым ету...

Мақаламды төмендегі жыр жолдарымен аяқтағым келеді:

Мен білемін бейнелізді, жан ата, Көргім келеді(і) бейнелізді бірақ та, Әрдайым жүрегіңдесіз, жан ата, Мәңгі өмірде жатсаңыз да ырақтама...

Шахарбан НҰРТАЙТЕГІ,
майдангер атаның немересі.

«Қарсылық нашар, шегіну созыла берді. Фашистер әбден еркінсіп алды. Бір жауынгерді көрсе қашан соңы жойғанша ұшақпен қуып, бомбаларын тастап, пулеметімен атқылайтын әдетті шығарды. Сондай қуғынға бір күні өзім де түсіп қалдым. Жазықта кетіп бара жатқан мені көріп қалған жаууды үш «Мессершмитт» мен бір бомбардировщик шүйлігіп келіп атқылады. Бомба топырақпен көміп тастады. Өрен дегенде топырақты аршып, бүлкінып таза ауаға жеттім. Аузы-мұрным қанға толып кеткен. Жарты айға дейін үнім шықпай, құлағым естілмей жүрді. Шегініп келе жатқан әскер жаралы болған, жүре алмай титықтап әлі кеткен жауынгерлерді амалсыз тастап кетіп жатты. Аруақтар жар болды ма, мен жүруге жарардым... Артымыздан жаңа күш келіп, немістерді Ба-

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН

тыс Двина өзеніне жақын жерде бір аптадай тоқтатып, біраз шығынға ұшыраттық. Өрине, біздің шығынымыз да аз емес. Дегенмен, жау қысымы арта берді. Жан алқыма келіп шегіне отырып, өзен жағасына жеттік. Жаудың жүздеген ұшақтары өткелді бомбалап, кең стволды пулеметтерімен аяусыз атқылағанда су көбіктеніп, қайнап, аспанға шапшып жатыр. Дұшпанның ұшақтарына қарсы тұрарлықтай бізде бірде-бір қару жоқ. Нағыз дозак осы жерде. Адамдар бір оқ атуға шамасы келмей қанды суға ағып кетіп жатыр. Сол дозактан қалай шыққанамыз осы күнге дейін таңғаламын. Әлі күнге дейін көзіме елестейді де тұрады». Бұл сұрапыл соғысты басынан аяғына дейін өткерген Алдаберген Арысбаев ақсақалдың өмірден өтер шағында қағаз бетіне түсірген жазбалары. Майдангердің «Неміс фашистерімен ұрыстағы естен кетпес қатерлі кезеңдер. 1941-1945 жыл. Солтүстік-Батыс майдан» деп аталатын естелігі оқыған адамды бейжай қалдырмайды. Ойымырай, адам айтқысыз не бір қиындықтарды бастан кешкен екен гой деп бас шайқайсың.

Негізінде ол кісінің азан шақырып қойған, құжатқа түскен есімі Алдаберген болғанымен жастайынан Тәңірберген деп атап кеткен. Жалпы жұртқа осы есіммен таныс. Ол 1915 жылы Қызылорда облысының Қызылгөлінің колхозында дүниеге келген. Есейе келе білім қуған жас жігіт 1936 жылы Қызылорда қаласындағы педучилищенің оқуға түседі. Оны бітіргеннен кейін жолдамамен Ташкент облысындағы Жетісай қаласына аттанады. Осындағы қазақ мектебінде ұстазылық жолы басталады. Алайда, көп ұзамай әскер қатарына шақырылды. Елдің батысында әскери қызметін бастаған ол алғашында байланысшы мамандығын игереді. Бұдан кейін 11-армияның 595-атқыштар полкына ауыстырылады. 1941 жылдың 22 маусымында басқыншыларды осы құрама қатарында Литваның Мариуполь қаласынан 20 шақырым жерде қарсы алады. Өкінішке орай, әскери басшылықтың дұрыс басқару алмауынан тас-талқан болып жеңіледі. Содан шегіну басталады. Жоғарыда келтірілген оқиғалар соғыстың алғашқы апталарында басынан кешкендерінің бірі ғана. Мұнан кейін басы біріктірілген құрамалар қатарында Витебск-Ленинград тас жолы бойындағы Локно станциясында бір айға созылған кескілсекен ұрыстардың қайнаған ортасында болды. Тіпті бұлар Старая Русь қаласы бағытында қарсы шабуылға шығып, жаудың алдыңғы шебін талқандап біраз шегіндіруге де мәжбүр етеді. Осындай бір ұрыста аяғынан жараланды. Тәңірбергенмен бірге төрт жауынгерді госпитальға жөнелтеді. Бұл 1941 жылдың 22 қарашасы еді. «Адамнан шыдамды тіршілік иесі жоқ екен. Мысалы мен 22 июнь мен 22 ноябрь аралығында еш демалған емеспін. Түрегеп жүріп, қалғып-мүлгіп алатынымын. Өмірімдегі ең ауыр кезеңдер осы болды. Фашистермен салыстырғанда техниканың әлдеқайда төмен бола тұрса да шаршағанға, әлсіздікке қарамай өлмермендікпен соғысып, ерлік көрсеттік» деп жазды майдангер естелігінде.

Госпитальдан кейін 14-армияның 72-дербес теңіз бригадасына жіберілген Арысбаев жаудың генерал Дитль бастаған 20 армиясына қарсы жүргізіліп жатқан ұрыстарға кіріп кетеді. Қырғын шайқастардан кейін екі жақтың да әскері түгел жойылуда ел-ақ қалған-ды. Тәңірберген болған ротадағы 155 адамнан тірі қалғаны жеті-ақ жауынгер. Адам өлігі тау болып үйілген шайқас даласы «Доллина смерти» деп аталды. Армия қайта толықтырылып жатқан кезде Тәңірбергенді алдыңғы қатарлы атқыш



деп Мурманскідегі снайперлер курсына жібереді. Құрстың тәжірибе сабақтары көдімгі майдан даласында өтті. Кімнің қанша жау солдатын өлтіргені есептелді. Бұлардың арасынан да жау оғынан өлгендер болды. Келген 36 курсанттың 14-і ғана аман қайтты. 27 немісті атып өлтірген қазақ жауынгері емітхананы тасырып, снайпер болып шықты. Снайпер болып жүріп талай мақтау мен марапатқа ие болды.

1944 жылдың жаз айынан бастап маршал Мерешков бастаған армия Запольярының жаудан босатуда дайындықты бастады. Ұзақ уақыт дайындықтан кейін жерлесіміз болған бригада Никель руднигін азат етуге кірісті. Тәңірберген көптегі шешімші атып құлатқаннан кейін командир сигнал ра-кетасын атып, шабуыл бастады. Ұзақ шайқастардан соң бұлар 150-ге жуық әртүрлі қойманы басып алды. Оны қайтарып алмақшы болған фашистер күні-түні тынбай шабуылдаумен болды. Бірақ қайтарып ала алмады. 10 гвардия дивизиясы көмегімен жауды қоршауда алды. Оқ-дәрі, азық-түлік, техникадан айырылған неміс армиясы жалауын көтеріп беріле бастады. Сонында жау лек-легімен берілуге кірісті.

Сонымен кезінде грек жерін қанға бояған, жеңілмейтін мықты деп саналатын, аты аңызға айналған Дитль армиясының Запольяры жерінде күлі көкке ұшты. Кеңестік поляр жері жаудан толық азат етілді. Бірақ соңғы ұрыстарда Арысбаев ауыр жараланған болатын. Госпитальдан 1945 жылдың тамыз айында жазылып шыққан, кеудесінде орден мен медаль жарқыраған Тәңірберген елге қайтты. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген сар екен, жаралы болсам да өлмей елге тірі оралдым. Бұл үлкен олжа бақыт деп түсінемін» деп айтқанды естелік.

Туған жерге келген Тәңірберген ағайынды ортасында болып біраз емделді. Осында өмірлік қосағы Шөпенмен бас қосады. Осыдан соң туған қарындасы қалған Жетісайға аттанады. Ол жерде қызы Жәмילה дүниеге келді. Т.Арысбаев Жетісайда мұғалімді, одан кейін басқа да қызметтер атқарып, зейнеткерлікке шыққаннан кейін туған жерге оралады. Бұл туралы немере інісі Әбібуллла Ербаев әңгімелеп берді. Елге келген Тақен ағайындарының қадірменді ақсақалына айналды. Барлық жиын-той, басқосудардың ұйымдастырушысы бола білді. Жас кезінде жетімдікті көрген, одан кейін майдан даласының небір зұлматтарын бастан кешкен ағамыз отырған жерінде ұлағатын, мағыналы, өнегелі сөздер айтып отыратын. Ол кісі өлең де жазатын. Әсіресе, елді сағынғанда жазған «Атамекен» деген өлеңі өте әсерлі. Ал мынау сыртта жүрген бір жақын ағайынға туған жерге көшіп келуге ақыл берген өлеңінен үзінді.

Шіелі, Қызылорда атырабы, Құнарлы қандай көркем топырағы. Беретін өңімі мол, шөбі шүйгін, Дөп қарттар мақтаныш қып отырады. Белгілі барлық жұртқа Сыр өңірі, Халқымыз көпке мәлім кең пейілі. Бұл жерде ата-баба туып-өскен, Өткен еді қызықпен бар өмірі.

Ақсақалымыздың майдан естеліктерін оқып, ол кісінің ерлікпен соғысқанын, сан мәрте ажалмен бетте-бет келгенін білдік. Ол кісі өмірінде әділдікті ту еткен азамат еді. Төкеңнің қызы Жәмילה Қызылорда педучилищесін бітіріп, тұрмысқа шығып, үбірлі-шүбірлі болды. Ағамыз 1992 жылы дүниеден өтті. Біз ол кісіні сағынышпен еске алып отырамыз. Міне, енді Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Тәңірберген (Алдаберген) Арысбаевтың ұрпақтары, ағайын туысы ол кісіге арнап ас бергелі отырмыз. Еске алып, жүз жасқа толғанып атан өтеміз. Онда кейінгі жас балаларға аға ұрпақтың келешек өмір үшін қандай жанқиярлықпен еңбек еткенін, ерлік көрсеткенін айтып береміз. Олар мұны біліп жүруі тиіс.

Ыдырыс ТӨЖІҮЛЫ.

ХАБАРСЫЗ КЕТКЕН ҚАЙРАН ЕР

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында сол майдан даласында бізге бейбіт өмірді жақындатуға үлес қосқан атам жайында әңгімелей кеткенді жөн көрдім. Атам Ермағамбет Үмбетов 1941 жылы соғыс басталған кезде майданға аттанады. Соғысқа барған алғашқы жылдары Сталинград жерінде екенін айтып, 2-3 рет хат келген көрінеді. Содан соң хабарсыз кеткен. Әкемің айтуынша, атам ұзын бойлы, қараторы кісі болған көрінеді. Арал ауданына қарасты Қаратөре деген елді мекенде өмір сүрген. Атам мен әжем үш ұл, бір қыз сүйген. Қыздары Кермеке сәби кезінде шешінен кетіпті. Әжем үйлемелі-сүйемелі үш баласымен жеріп қалған. Оларды асырау оңай емес, біреуін жетектеп, біреуін беліне байлап қолдан қамыс орады екен. Сөйтіп қара жұмыс атқарып, балаларының тамағын тапқан. Атам майданға аттанғанда әкем Нұрғали үш жаста екен. Бала қызығушылықпен әкесі жайында сұрағанда, «бейнесі есімде қалмапты» деген басын үшкінен жүрегі сағынышқа толы екенін аңғартатынын. Қолы қат еткенде төрдегі домбыраны қолына алып «Әке туралы жыр» деген өлеңді шегіп отыратын. Мүмкін, әкесіне деген сағынышын осылай басатын болар.

Женіс таңы атады. Алайда атамыздан еш хабар болған жоқ, «қара қағаз» да келмеді. Соғыста түрлі жағдайлар болғанын тарихтан білеміз, өлді дегендер, тірі қалып елге оралып жатты. Міне, осындай тосын жаңалықты көңілге мелеу тұтқан әжем біраз жылдар үмітпен күтіп жүргенге ұқсайды. Аудан, облыс, республикаға дейін іздеу салып, орталық басшыларға жариялады. Ел дерек табылмайды. Әкем үкпіл үмітпен, өзінің маңдай тер, еңбегімен балаларын ер жасына жеткізеді.

Кейін ауылдағы орталық алаңға белгісіз кеткен солдаттарға арнайы ескерткіш орнатылды. Жыл сайын 9 Мамыр мерекесі қарсаңында ол жерге гүл шоқтары қойылып, сан алуан іс-шара өткізіледі. Мекентіме майдангер

ШӨПШЕГІНІҢ ҚОЛЫНАН СУ ІШКЕН

Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабын ешкім ұмытпақ емес. Әсіресе барлық ауырталық аналарға артылды. Ерлердің ісін атқарып, ертеңгі күнге үлкен үмітпен қаралы. Сондай тіл еңбек ерлерінің бірі, бүгінде 100 жасқа келген Тұрғанай әже.

Еркек кіндік атаулы майдан даласына аттанғанда Жаңақорған қыстағы, №24 разьезді стрелочник (бағыттаушы) боп жұмыс атқарып, күні-түні демей дамыл таппайды. Маңдай терін төгіп, бар күш-жігерін салды. Дегенмен, қызымды артта қалып, сайын даланың сарбаздары жауын тізе бүктіріп, «Жеңіс» деген жылы сөзді жалпақ жұртқа жеткізді. Төменарықтық Зәмдін Құдайбергенов деген жігітпен шаңырақ құрды. Жұбайы екеуі екі баланы бағып-қалып өсірді. Тағу-тәрті өмір сүрді. Құдай қосқан қосағы Зәмдін Ұлы Отан соғысының ардагері еді. Бірақ бұдан 15 жыл бұрын қайтыс болды.

Тұрғанай әжеңің темір жол саласындағы еңбегі ескеріліп, Қазақстан теміржолының Қызылордадағы бөлімшесінен 2004 жылы Қазақстан Темір жолының 100 жылдығына қатысып, сый-құрметке бөленді. Сонымен бірге «Тыл ардагері» медалін де алды. Бұл күндері әжей Жаңақорған ауданы, Төменарық ауылында немересі Хасен мен келіні Гүлжауһардың қолында тұрады. Көрген қиындыққа жасымнан, толым деп тасымалан аса сабырлы жан екі баласынан 8 немере, 20 шөбере, 2 шөпшек сүйіп отыр. Бұл күнге аман-есен жеткеніне шүкіршілік етіп, еліміздің тыныш, жұртымыздың аман болуын, өзі көрген қиындықты енді жастар көрмегенін қалайтынын айтып, дұға тілейді. Күнделікті газет-журнал мен теледидардағы жаңалықты қалт жібермейтін әжей Жеңістің 70 жылдығымен барша сырбылылықтарды құттықтауды да ұмыт қалдырған жоқ. Тұрғанай әжей бір ғасырға жуық өмір сүрсе де әлі тың, Шарауаға араласып, немере, шөберелеріне тәрбие беруде.

Қанат ЖҰРСІН.
Жаңақорған ауданы,
Төменарық ауылы.

Кешегі қасіретті со



Соғыс жылдары қан майдандағы жауынгерлердің жанқиярлық ерлігі туралы баспасөзде үзбей жарияланып тұрды. Майдан тілшісі Илья Эренбургтың 1942 жылы 18 қазанда «Красная звезда» газетіне жазған «Қазақтар» атты очеркінде халқымыздың намысты ұлдарының соғыстағы іс-қимылы суреттелген. Біз бүгін осы очерк кейіпкері Өмірбек Лиясов туралы аз-кем деректерді оқырманға ұсынып отырмыз.

Эренбург өз очеркін бір фрицтің айтқан сөзімен бастайды. «Бізге қарсы сұрапыл жауынгерлер соғысты. Оларды ешқандай қару тоқтата алмайды екен. Содан соң маған бұлардың қазақ екендігін айтты. Бұрын-соңды мұндай ұлттың бар екендігін білген жоқпын», – депті ол.

Мақала түйінде «Қазақтар атпен соғысқанды құп көреді. Бірақ олар жауу әскер болып та соғыса береді екен. Ештеңе тоқтата алмайды оларды. Адалдық шай-қаста анықталады» депті. Намысты бәрінен биік қоятын, өр рухты қазақтың жігіт-

тері, олар жасаған ерліктер туралы айта келіп:

– ...Өмірбек Лиясов (түпнұсқада Амирбек Ильясов) атты қазақ ауыр жарақат алса да, жанармай бөтелкесімен күштердің танкісін жарып жіберуге күш-қуат

«ФАШИСТЕР ҚАЗАҚТЫҢ КІМ ЕКЕНІН БІЛДІ»

немесе Эренбург кейіпкері

тапты. Жүрегі кең қазақ қой. Енді немістер қазақтың кім екендігін білді, – дейді.

Соғыс басталғанда бұл отбасының арқасүйер азаматтары түгел майданға аттанды. Алдымен Өмірбектің әкесі Лияс, кейін өзі, соңынан інісі Жылқыбек кетті. Лияс Айбергеноұлы соғысқа дейін аналары о дүниелік болған 3 баласын тәрбиелеп, қонторғай тірлік кешкен. Балалардың ішінде Өмірбек ерекше еді. Қарындасы мен інісіне қамқор, қамқоніл әкеге көмекші болды. Айналадағы ағайын-туыс та Өмірбектің ертеңінен зор үміт күтетін. Ауылдың мандайалды жігіттерінің бірі болған азамат осылайша тұтас ұлттың ерлігін суреттеген майдан тілшісінің мақаласына кейіпкер болды.

Ажал оғын сепкен аласапырнаннан Өмірбек те, Жылқыбек те қайтпады.

Екі бірдей перзентінің жат жерде жау оғына ұшқаны Лияс атаның арқасына аяздай батты. Балаларының әр қылығы, өсіп-жетілгені көз алдында. Мандайы жарқыраған Өмірбектің қыршыннан қиялғанын ойлағанда, ернасы сансырайды.

Ауыл-аймаққа қадірлі болған Өмірбегінің атын оқып, көңілі көлдей тасыпты. Баласының есімі жазылып, ерлігі суреттелген газет бас жағында тұрады екен. Лияс ата Шамқожа, Байқожа, Бақытжан, Қалдан, Ерболат, Айкүміс атты балаларының қызығын көріп, сексен жасқа таяған шағында дүниеден өткен.

– Бізді өзіміз көзін көрмеген Өмірбек ағамыздың үлгісімен тәрбиеледі. «Батырдың інілері оқуда озат, еңбекте алда болуы керек» деген сөз үнемі алдымыздан шығатын. Сондықтан ата-анамыз бен майданда шейіт кеткен ағаларымыздың атына кір келтірмейік деп талпындық, – дейді білікті хирург Бақытжан Лиясұлы.

Бұл менің бала кезімде естіген әңгімелерден есімде қалғандары. Біздің буын Лияс атаны көрген жоқпыз. Дәме әжеміз ағайынға сыйлы, үлкен-кішіге ақ батасын жаудырып жүретін кісі еді. Ата-әжеміздің ұрпақтары өмірден өз орындарын тапты. Өкініштісі, Қалдан ағаның өмірден ерте кеткені бауырларына да, ағайынға да ауыр соққы болды. Бірақ орнында бар болған соң, бәрі де оналады емес пе?!

Женістің мерейлі мерекесі жақындағанда «Қазақтар» мақаласын тағы бір қарап шықтым. Ардада қанша жыл өтсе де, ерлік даңқының өшпейтінін осы оқиға дәлелдеп тұрғандай.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

“ОРТАҚШЫЛДАН” МАЙДАНҒА БІРГЕ АТТАНҒАН ҚОС ҰСТАЗ

Жеңіс бізге оңай келген жоқ. Бұл қасиетті ұғымды бізге аталарымыз ас асқанқандай етіп аузымызға сала қойған жоқ. Найзасына үкі таққан елдің кейінгі батыр-баһадүрлерінің еңбегі – бұл. Елі үшін қасық қаны қалғанша қасарысқан жаумен шайқасып, тізе бүгуді емес, жеңісті ойлады. Міне, кейінгі ұрпақ сол еңбектің арқасында бейбіт күнді бастан кешуде. Шиелі ауданының «Ортақшыл» ауылы да елмен бірге ардагерлерін ұлықтап отыр.

Майданда қара орман халықтың жайы үшін жер жастаған батырлардың бірі – Қожамқұл Пірназарұлы. Ол 1923 жылы туған. «Ортақшыл» мектебінің алғашқы түлегі. Мектепті бітірген соң Шаймахан, Жағыпар, Әбділ, Әбен аталарымызбен бірге Қызылорда педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, барлығы бірге бітіріп шығады. 1942 жылы досы Жағыпар екеуі бірге әскер қатарына шақырылады. Чкалов қаласында екеуі бірге дайындықтан өтеді. Майданда екеуі бірге жүріп әскер қатарында елді қорғау жорықтарына қатысты.

Майдандердің еңбегі еленбей қалған жоқ. Ұлы Отан соғысы кезінде ерлігі үшін «Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін», «Бұдәпештігі азат еткені үшін» деген секілді Ұлы Жеңістің мерекелік медальдарымен марапатталды. Майдан шебінде жүрген жастарының жаппай елге қайтару, халықты ағарту ісі қолға алынған кезде Қожамқұл Пірназарұлы да өзі оқыған мектепте ұстаздық ету еліне оқ оралады. Мектепте қызмет ете жүріп, педагогикалық институттың физика-математика факультетін сырттай оқып бітірді. Аудандағы ең мықты математика пәнінің мұғалімі болды. 1976 жылға дейін мектеп директорының орынбасары, 1976-1983 жылдары мектеп директоры болды. Ұзақ жылғы педагогикалық қызметі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медальмен, «КСРО ағарту ісінің озаты» және «Қазақ ССР-інің Халық ағарту ісінің озаты»

белгілерімен марапатталды. 1983 жылы құрметті зейнетке шығып, ауылдың құрметті де қадірменді қариясы болды. 1996 жылы өмірден өтті.

Қожамқұл атамен балалық шағы бірге өткен Жағыпар Оспанұлы да қан майдандаңд от пен оқтың ортасында болған. 1923 жылы Ортақшылда дүниеге келген ол 1934 жылы орта мектепті бітірген соң Қызылорда педагогикалық училищесіне оқуға кетеді. 1942 жылы әскер қатарына шақырылған ол Чкалов қаласындағы 12-ші десантшылар бригадасында қатардағы жауынгер болып қабылданып, дайындықтан өтеді. Майдан кезінде Ресей, Украина, Молдавия жерлерін азат етуге қатысады. Еуропаның Австрия, Венгрия елдеріндегі жойқын шайқаста болады. Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, үш мәрте «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

1945 жылы елге оралып, ұстаздық қызметін бастады. Қызылорда педагогикалық институтының қазақ тілі және әдебиеті факультетін сырттай оқып бітірді. Өмірінің соңына дейін өз оқыған мектепте ұстаздық етті.

Майдандердің ұстаздық қызметінің жемісі – «Лениннің 100 жылдығы» және «Қазақ ССР-нің ағарту ісінің үздігі» медальдарымен марапатталды. 1984 жылы өмірден өтті.

Ер есімі ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз, өйткені олар біз үшін, Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктері, жер, Отан, біздің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктері ешқашан ұмытылмайды.

Асанхан АҚПАНБЕТОВ,

ардагер-ұстаз.

ЖАСТЫҒЫ ЖАЛЫНДА ӨТКЕН

Соғыс деген сөздің өзі дененді түршіктіріп жібереді. Біздер бейбіт өмірде дүниеге келдік. Тыныш заманның бесігінде тербелдік. Алайда, кешегі кезеңде елді дайындыққа дұшар еткен соғыс талай адамның жүрегіне жазылмас жара салып кетті. Сол уақытта қаншама адам қырғынға ұшырады. Талай шапырақ қайғыдан қара жамылды. Жеңіске жеткен карт майдангерлер бүгінгі ұрпақ алдында әрдайым асқақ болады. Олар қандай құрметке де ие. Соғыс жылдарында елдің болашағы үшін кеуделерін окқа тосты. Солардың қатарында менің аталарым – Есіркепбай мен Жетпісбай Тұрбаевтар сұрапыл соғыстан қайтқан жоқ. Жетпісбай атам 1943 жылы Сталинград қаласындағы шайқаста дүние салыпты. Оның денесі бұрыңғы Сталинград, қазіргі Волгоград қаласында «Братская могила» зиратында жатыр. Есіркепбай атамыз 1939 жылы Фин соғысына аттанған. 1941 жылы соңғы хаты келген екен. Соғыс біткеннен, ол кісі елге қайтып ормаймы, сол күйінше хабарсыз кеткен, осы күнге дейін еш хабар жоқ.

Ал Сексенбай Тұрбаев атамыз қан майдан даласынан елге аман-сау оралып, бейбіт өмірде сан түрлі қызметтерді атқарды. Ол кісі 1924 жылы Қызылорда облысы, Теренөзек ауданы, Жаңадария ауылында қарапайым қазақ отбасында дүниеге келген. Отбасының кенже баласы екен. Үлкендердің айтуынша, жастайынан білімге, өнерге деген құштарлығы зор болған көрінеді.

Сондықтан жас кезінде білім алуға ықыласы ауған. Әскер қатарына 1942 жылы алынған. Бұл уақытта майдан даласында қиян-кескі шайқастардың жүріп жатқан кезі еді. Отан қорғау жолында жауынгерлер ыстық-суықты елемей, қат ниятті



дұшпанға сынық сүйем жерді таптапнау жолында тынбай тер төкті. Уақытынан санасқан жоқ. Түн ұйқысын төрт бөлді. Осындай жанқиярлық нәтижесінде пиғылы арам жау біздің әскерді тізе бүктіре алмағаны белгілі.

Атам Берлинге дейін жетіп, Жеңісті жақындатуға тілеулес елдің сенімін ақтады. Отанға адал берілген жан талай немістің көзін жояды. Майдан даласында көрсеткен ерліктері үшін көптеген орден-медальдармен наградталады. Олардың қатарында «Ерлігі үшін», «Әскери еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Баршаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» және өзге де орден-медальдар бар.

Сұрапыл соғыстан 1949 жылы туған топыраққа қайта оралады. Одан бергі кезеңде бірқатар қызметтерде болды. Экономикалық білім алды, өзінің білімділігімен, ұйымдастыру қабілеттілігін көрсетті. Аудандық қаржы бөлімінде, облыстық білім басқармасында еңбек етті. Қай қызметте де абыройға кенелген ардақты жан небәрі 30 жасында партия қатарына өтіп,

өзінің жемісті еңбек жолын жалғастыра түсті. Бұдан кейінгі уақытта Сырдария аудандық және қалалық қаржы бөлімдерінде қызметкер болды. 1974 жылы жем дайындау базасына ауысса, содан соң КСМКІ деген мекемеде жұмыс жасады. Осылайша ол кісі соғыстан кейінгі жылдарда қалалық, облыстық қаржы басқармаларында, мемлекеттік, облыстық және қалалық, қамсыздандыру мекемелерінде бастық болып істеген.

Қызылорда қаласының экономикалық дамуына, тұрғындардың, оның ішінде жастардың білім алып, жұмыс істеуіне зор үлесін қосты. Оған дәлел ретінде 1978 жылы «Шұғыла» мөлтек ауданындағы «Мелиоратор», «Строитель» секілді мәдени аймақтар бой көтергенін атап айтуға болады. Қала сыртынан салынған саяжайлар елдің игілігіне айналды. Сол жылдарда атқарылған ауқымды істердің жүзеге асуына менің атамның да еңбегі сінгенін мақтаныш тұтамын. Өзінің еңбек жолында да көптеген құрметке ие болды, орден-медаль алды, 10 ұлқыз өсірді, олардың барлығының жоғары білім алуына жағдай жасады. Әжем Бибіхадина Ескараева Батыр ана, қазір ұл-қызынның ортасында бақуатты гұмыр кешуде. Ол кісі еңбек және тыл ардагері, жеңісті жақындатуға өз үлесін қосқан жан. Күрші, бидай өсіріп, қолғап, шұлықтар тоқып, оларды майданға жіберген.

Бұл күні атам ортамызда жоқ. Алайда, ол жайында көптеген естеліктер айтылады. Мен осындай есімі елге елеулі азаматтардың ұрпағы болғанымды мақтаныш тұтамын.

Жылқайдар СЕКСЕНБАЙ,
оқушы
Қызылорда қаласы.

«Мен – Әлтай, әкем аты – Сатыбалды»



Ағайынды Сатқанбай, Сатыбалды, Сатай, Сүлеймен деген кісілер болған. Сатыбалдыдан Досай мен Әлтай туған. Ағайынды екеуі де майданнан оралайы қалды. Досайдан Құлтан деген қызы, Сатайдан Мырзабай, Сүлейменнен Әбілтай деген ұлдары қалды. Бұл кісілердің ұрпақтары өсіп-өнген жандар.

Әкеміз Әбілтай Сүлейменов майданнан оралай қалған ағаларының деректерін көп іздестіріпті. Соғыс ардагері Сүйіндіков Шаймерден мен мәдениет қызметкері, Өтебаев Аманбай да көмек қолдарын созған екен. 20 жасында ерлікпен қаза тапқан жауынгер акын Әлтай Сатыбалдиевтің майданнан жазған өлең хаттарының жолдарын жатқа айтып жүрген жерлестерінен жинапты. Өкінішке орай, ағаларының қай жерде жерленгені жайлы деректер Әбілтай Сүлейменов марқұм болғаннан кейін белгілі болды.

Сатыбалдиев Досай 1906 жылы туылған. 1942 жылы майданға аттанып, 1943 жылдың 6 ақпанында ерлікпен қаза тауып, Курск облысы, Роговая селосында жерленген екен.

Әлтай Сатыбалдиев 1923 жылы Жаңа-қорған ауданы, Сунаката ауылдық кенесіндегі «Екпінді» колхозында дүниеге келген. Колхозшы, жалынды комсомол мүшесі болған. Мектеп қабырғасында жүргенде сурет, портреттерді керемет салып, өлең жазған екен. Әлтайдың жеңгесі Алтыншаш апамыз әрдайым осы бала тірі болғанда тұла болатын еді деп армандап айтушы еді.

Майданға аттанарға дейін, артында қалған жеңгелері мен інілеріне үй салып беріп, 1942 жылдың ақпан айында өзі сұранып, майданға аттаныпты.

Самарканда дайындық өтіп, қан майданға аттанып бара жатқанда Әлтай ағасы Сатай мен жеңгелері Ырысқұл мен Алтыншаш, інілері Мырзабай және Әбілтайлар Шиелі стансасында көріп, қотқасқысы келіп, жеделхат жібереді. Алайда, ол хабар кешігіп, еш туыстарын көре алмаған Әлтай, перронда көп іздеп, туыстарын таппаған соң, бір үлкен түйір қант пен хатын бір кісілерге табыс етіп, пойыз жүріп көрінбей кеткенішсе жауапдөң кете беріпті. Калинин майданында атқылш ретінде соғысқа қатысқан ол 1943 жылдың 5 қарашасында ерлікпен қаза тауыпты. Калинин облысы, Невель ауданы, Шарково деревнясында жерленген екен.

Әлтайдың бұл өлең жолдары Әбілтайдың жары, біздің анамыз Болған Бегеметованың қолында сақталып келген. Біз бүгін Әлтай Сатыбалдиевтің «Майданнан хатын» ұсынып отырмыз.

Сүлейменов Әбілтайдың ұл-қыздары.
Жаңақорған ауданы.

МАЙДАННАН ХАТ

Қоштасар сәттер туды елімменен,
Қан тамып, кіндік кескен жерімменен.
Айырылар күн туғанда ағайынмен,
Қалайды екен бір жүйе ерімеген.

Айтқым бар елдің сәлем қарттарына,
Тілектес жарық таңның атқанына.
Біздерді тартып тұз-дәм Алшабадтан,
Әскерлік келдік қызмет атқаруға.

Екінші айттым сәлем жеңгелерге,
Жеңгелер бірден-бірді көр көмер ме?!
Ауыр іс бастан кешкен болар ұмыт,
Барсақ сау күліп-ойнап туған елге.

Атамның ерлігі – бізге өнеге

Қазалы қаласынан әскерге аттанған менің атам Жиенәлі Ысқаков осы қарулы күштер құрамындағы Маньчжурияда орналасқан 1047-атқыштар полкінің 122- дербес жағалау қорғанысының артиллерия дивизионына келіп қосылды. Артеллерист мамандығына машықтанды. Бұл 1943 жылдың наурыз айы болатын. Анда-санда оқ дауысының естілгені болмаса, әзірге қиян-кесекі ұрыс жоқ. Күн сайын жаттығу, күн сайын дайындық. Жауынгерлік дайындық шыңдала түсті.

1945 жылғы 9-мамырда гитлерлік Германияның «жеңімпаз армиясы» күйреді. Фашистер тізе бүкті. Кенестер Одағы әздерінің одақтастар алдындағы борышын орындау мақсатына өз қарулы күштерін шығысқа топтастыра бастады. Сол жазғы тамыз айында Жапон самурайларына қарсы шабуыл басталды. Осы сәтте менің атам Жиенәлі Ысқаков қызмет ететін атқыштар полкі әйгілі Хинган асуы арқылы жауу жорық жасап, Жапон армиясын талқандауға қатысты. Жапон кенес әскерлерінің алдында тізе бүгуге мәжбүр болды. Осы соғыста менің атам Жиенәлі Ысқаков қатарында болған атқыштар полкінің артиллерия дивизионы да ерліктің үлгісін көрсетті. Хинган асуы кезіндегі жанқиярлық ерлігі үшін Жоғарғы бас қолбасшы И.В.Сталиннің арнайы «Алғыс хатымен» марапатталды. Бұл қуанышты сәт 1945 жылдың 23-тамызы болатын.

Елге 1947 жылы «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен оралды. Наградаларының

Үшінші айттым сәлем ағаларға,
Індей сапар шеккен жат араға,
Тоғыз күн жүрдік жолда пойызбенен,
Шыққан соң қош айтысып

бауырларға.

Айқайлап ән айтуға қыламын ар,
Қайтейін іште қиып қиялым құлп.
Алдынан ағалардың кете алмадық,
Алғааа жолықтыр деп қыламын зар.

Ауылдан шықтым январь он бесіне,
Пойызға міндік түнде жиырма

үшінде.
Түркістан, Арыстардан түнде өтіп,
Ташкентке келдік сырғып дәл

бесінде.

Ташкентті араладым үш күн жүріп,
Қайтарылдыан Досай мен Әлтай туған.
Бұл жерде жақсы да жүр,

жаман да жүр,
Көңілімді мен тоқтаттым соны көріп.

Ташкеннен келдік сырғып Самарқанға,
Сөйлеп қал қызыл тілім, қапы қалма.
Айтатын көрген қызық баян етіп,
Құдайым тіршілікте болсын пана.

Самарқаннан келдік сырғып Бұқараға,
Кідіріп бір күн тұрдық бұл арада.
Қарасам елдің шеті көрінбейді,
Сыйнымды мінәзат қып бір Аллаға.

Ақырын ағаш өсер аласадан,
Жел сөзге, қызыл тілім, болма сараң,
Келгенше он тоғызға елден шықпай,
Құр қалып жүр екенбіз тамашадан.

Көп екен черный глаз,широкий нос,
Ойынғы бірі арам, біреуі дос.
Бес бала елден шыққан бір жердеміз,
Занятиядан әзірше қолымыз бос.

Ешнәрсе болмайды екен ағайындай,
Ерділ көңілім шіркін қалай-қалай,
Кеткендер келіп бәрі бас қосылып,
Замана болар ма екен баяғыдай?

Үй-ішім, мені етпе көп уайым,
Мен балаң көп ойлайтын елдің

жайын,
Ауылда жылап-сықтап қалып еді,
Аман ба Мырзабай мен Әбілтайым?

Заман да кетер ме екен осындай боп,
Жһһһһһһһ шапар шеккен

қосындай боп.
Құдайдан жатсам-тұрсам

мен тілеймін,
Азамат елге келіп қосылғай деп.

Бұл заман біз дегенде тар болды ғой,
Татар дөң алыс жолдан

бар болды ғой.
Не жақсы тар дүние дозаның,
Аяғын бір басуға зар болды ғой.

Досайдан хат келе ме мен кеткелі?
Ойымнан күндіз-түні бір кетпелі.
Үй-ішім, мені ойлап қамықпандар,
Елімінен мендей-мендей кім кетпеді?!

Ауылымның жойлар жері Жаманбалда,
Болушы еді бір жер қалың.

бір жер дала,
Көп жерді тамашалап көзбен көрдік,
Жыр болар барсақ елге аман ғана.

Қыстауы ауылымның Қамыстықак,
Достармен болушы еді көңіліміз шат.
Сол жазқа қанат байлап ұшар едім,
Жауды жеңіп, Отаннан болса рұқсат.

Көңілім сәл нәрседен болма ойран,
Сары уайым басталады

осындайдан.
Қан тамып, кіндік кескен

Ел аман бол,
Күтіп тұр бізді алдан қалың майдан!

Мен – Әлтай , әкем аты – Сатыбалды,
Талқандан оралармыз қасқой жауды.
Жыңғылды, сексеуілді, қалың шенгел,
Туған елім, аман боп тұр,

қырат таулы!

Әлтай САТЫБАЛДИЕВ.
1942 жыл.

ЖАУДАН ЖАСҚАНБАҒАН



Енді бірнеше күннен кейін бүкіл ел болып Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Әріне, ол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Майданда да, тылда да ұрпақтарының болашағы үшін өз жандарын аямағандардың бірі – менің атам Қазыбек Іманов.

Ол 1923 жылы қаңтарда Майлытоғай ауылында дүниеге келген. Атамды барлығы еңбеккер, ешкімнен көмегін аямайтын атпал азамат ретінде таниды. Мен атаммен мақтанамын. Өйткені менің атам соғыс ардагері.

1940-1941 жылы 7 жылдық мектепті бітіріп, 1942 жылдың наурыз айында әскерге шақырылып, Алматыдағы кіші командирлер даярлайтын мектепте оқыды. 1942 жылдың тамыз айында Сталинград майданына қатысып, сол майданда ауыр жараланып, бірнеше ай емханада емделеді. 1943 жылы Курск түбінде шабуылға қатысып, қырқүйек айының басында майдандан босанып шығады. Содан кейін ерекше бөлім құрамында қираған жерді минадан тазартып жүріп, ауыр жарақат алады.

1943 жылдың желтоқсан айынан бастап Уфа қаласының әскери госпиталында емделіп, содан жазылып шығады. 1944 жылдың мамыр айында Свердлов қаласында соғыс құралдарын шығартатын Орал машина заводында еңбек етеді. Танк шығартатын және өздігінен жүретін зеңбірек жасайтын пехта соғыс біткенше жұмыс істеген. Соғыс біткеннен кейін экскаватор шығартатын пехқа ауысады. 1948 жылдың мамыр ай

Оқырман немістің Бойценбург қаласын басқарған кім болды екен деп ойлауы заңды. Бірақ Эльба жағалауындағы он мыңнан астам халқы бар неміс қаласының коменданты неміс те емес, басқа да емес, қазақтың қарадомалақ баласы, кәдімгі өзіміздің Шәменұлы Мөрәлі әкеміз еді.

Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында Мөрәлі Шәменов туралы арнайы көрме өткізілген екен, онда сарғайған мұрағат құжаттарының ішінде әскери бөлім командирі подполковник Кузнецов пен штаб бастығы майор Каск қол койған капитан Мөрәлі Шәменовтің Бойценбург қаласының коменданты екендігін айғақтайтын куәлік назар аударарлық. Куәлік 1945 жылғы 5 мамыр күні берілтіпті. Онда, «Удостоверение выдано капитану Шаменову Мурали в том, что он действительно является военным комендантом г. Бойценбург» деп жазылған.

Соғыстан қираған қаланы, қаладағы тәртіпті қалпына келтіруге кіріскенде Мөрәлі Шәменов жиырма тоғыз жаста екен. Әскери кителінің омырауында І, II дәрежелі «Отан соғысы» ордендері, екі «Қызыл Жұлдыз» ордені, «Ерлігі үшін», «Кеңісбергіті алғаны үшін» және тағы басқа медальдары жарқыраған, еуропалық нәсілге социалыстық келе қоймайтын, азиялық жігітті қала тұрғындары тосықпап, тіпті немістік өр мінезбен іштей менсінбей қарағаны рас еді.

Бірақ азаматтың іскерлігін, тәртіптілігін мен ұқыптылығын, әділдігін көргеннен кейін жылышырай білдіре бастады. Қала тұрғындарына осы бір орта бойлы, мығым денелі қараторы жігіттің мейірімге толы көзі, жылы шуақ шашып тұратын жаңары унады. Соғыстан қалжыраған, мылтық пен зеңбіректің дауысынан әбден зарзапп болған қарапайым неміс халқына нақ осы уақытта жетіспейтіні де, ең басты керекті де осы мейірім мен жылылық еді...

Иә, соғыс бітті, бейбіт өмір басталды. Зеңбіректің снаряды мен бомбадан күл-талқан болған қаланы қайта қалпына келтіру қажет. Босып кетіп, қалаға қайта оралып жатқан халықты тамақтандыру, жаралыларға жәрдем көрсету – күн тәртібіндегі бірінші кезектегі мәселелер. Соғыстың аяқталуына төрт күн қалғанда, яғни 1945 жылдың 5 мамыр күні капитан Мөрәлі Шәменов Бойценбург қаласының әскери коменданты болып тағайындалғанда оның ойы осы еді.

Шіркін, бейбіт еңбек деген қандай тамаша! Мылтық даусына сіреген, тіпті тыныштық орнай бастаған, керемет көктем. Ағаштар жапырақ жайып, орманды алқаптар жасыл желекке айналған. Тек қираған қала ғана көңілдіні құлазытады. Енді мылтықты тастап, қолға күрек алу керек. Алабұртқан көңілмен тәтті ойларға берілген Мөрәлі комендатураларын алдында өсіп тұрған ағаштың иілген бұтағынан үш тал жапырақты үзіп алып, тануауына тақалы, көктем ісісі мұрынны қытықтағандай болды...

Мөрәлінің ауылы Кеңтүбек, Қарақеткен, Түмен әуленіңң ұйтамының маңын жайлайтын. 1916 жылы Мөрәлі дүниеге келерді алдында әкесі Шәмен түс көреді. Түсінде асқакалды, ақ кімді үлкен кісі қолына мөр ұстатыпты. Сол үшін де мұның атын Мөрәлі қойыпты.

Өз шаруасына мығым, сөзін өзгеге тыңдата алатын Шәмен кезінде онбасы, елұбасы болып арық қаздырған. Әкесі қаздырған «Шәмен арығы» кешеге дейін Әлібай алқабын сумен қамтамасыз етіп тұрды. Жаз бойы егін егіп, шөбін шапқан Шәмен қыс күндері етік тігумен айналысатын. Шешесі Айым Төкберлі Табын Махан деген кісінің қызы. Нағашысы Махан ауқатты кісі еді. Оның ертеректе Қызылорданың орталығында үлкен сауда орындары болатын.

Ел артелге ұйымдаса бастаған 1929 жылы «Кеңтүбектің» Матай жайлауындағы ауыл бірігіп, егін салды. 1931 жылы ауыл балалары ат соқаға мінгенде Мөрәлі тәбілші болып еді. Ауылдастары мұны «төбішшік байа» дейтін. Бала жастар алғыр, құйма құлақ Мөрәлі үлкендерге үйі, әңгімеге зерделі болды. Алғырлығы болуы керек, 1932 жылы бұған бастауыш мектепте бала оқутуды тапсырды. Сөйтіп еңбек жолын еді сауаттандырудан бастаған Мөрәлі бүт қызметте төрт-бес жылды болып, кейіннен басқа салаларда жұмыс істеді.

1939 жылы үй болып, отау құрды. Жары Ақшоның ауылдың қызы еді. Ол кезде Мөрәлі Қарақеткен станциясында байланыс бөлімінің бастығы болып жұмыс істеп жүрген. Арала алты ай өткенде әскерге шақыру келді.

Әке-шешемді сен асырайсың деп жеп жары Ақшоңықты жинақ қасасының бақылаушылығына үйретіп жүрген. Ақшоңық бүл әскерге кеткенде сол

қызметте қалған.


Мөрәлі 1939 жылдың күзінде әскер қатарына шақырылғанда Кеңес-Фин соғысының қайнап тұрған кезі болатын. Бұл соғыс миллиондаған адамның өмірін жалмаған, даңқты Қызыл Армияның сәтсіз шабуылдарымен басталған, Кеңестер Одағының халықаралық беделіне орасан зор нұқсан келтірген соғыс еді. Атақты Суомуссалведегі ұрыстар – «Маннергейм линиясы» дейтін Фин бекінісі үшін болған қанды қасап, шайқастың өзі жүздеген емес, мыңдаған кеңес жауынгерлерінің өмірін қиды.

Финдермен соғыс үлкен шығындарға ұшырай отырып, Кеңестер Одағының жеңісімен аяқталды. Бірақ бейбіт күндер ұзаққа бармады. Енді елге қайтармын деп жүргенде 1941 жылы маусымда Германиямен соғыс өрті бүрк ете қалды. Сөйтіп Мөрәлінің ұзаққа созылған әскери жорық жолдары одан әрі жалғасып кете барды.

Фашистік Германиямен соғыс бастал-

Бойценбург қаласының коменданты

(Деректі хикаят)



ған кезде, Мөрәлі 126-атқыштар дивизиясының 366-атқыштар полкінде бөлімше командирі болатын. Бұларды Солтүстік-Батыс майданда аттандырып, бірден ұрысқа салды. Сол жылы күзде оған лейтенант атағы берілді. 1942 жылы көктемде 88-атқыштар дивизиясының пулемет ротасының командирі болып тағайындалды. Осы жылы күзде аға лейтенант атағын алып, 426-атқыштар полкінде барлаушылар взводының командирі болды. Барлаушылар взводының командирі етіп тағайындалғанда полк басшылығы мұның тәртіптілігі, батылдығымен қоса аздан неміс тілін білетінін де ескерген болуы керек.

1943 жылдың ақпан айында 2-Беларусь майданының 326-атқыштар полкінде жүргенде барлаушылар взводаına ерекше тапсырма берілді. Мөрәлінің взвод-ды кезекті жорықтан кезіліп, жергізделме жігіттер қаруларын тазартып отырған. Түнінн бір уағы болған, күндізгі ұрыстан қалжыраған жігіттердің біркраты демалып жатыр. Сағатына қарап еді, үштен кетіптіті, таңға дейін бір-екі сағаттай болса да көз шырымын алып алашын деп ойлаған. Бірақ ол ойы болмады, байланысы полк командирі подполковник Кузнецовқа шақырды.

Кініпін, сыртқа шыққанда түнгі аяз шытырлап тұр екен. Аяғын басқан сайын қар сықыр-сықыр етеді. Барлаушылардың жергөлесінен бір шақырымдай жерде орналасқан полк штабына келгенде полк командирімен бірге ерекше бөлімнің майор шеніндегі бір офицері және артиллериялық дивизионының командирі капитан Чернышев бар екен.

– Отырыңыз, аға лейтенант, – деді полк командирі бүл әскери тәртіппен сөлемдескеннен кейін – хал қалай, аға лейтенант, жігіттерінің жағдайы қалай, ұшыран шарапп жүрген жоқ па?

– Рахмет, жолдас подполковник, жігіттеріңіз жағдайы жақсы, бізде әзір шаршауға болмайды.

– Дұрыс айтасыз, соғыс бітпей бізге шаршауға болмайды. Сіздерге тағы да жауапты тапсырмалар қалды, жолдас аға лейтенант, қане бері таман картаға жақындаңыз...

Штабта бүл келем дегенше бұлардың алдағы жорығы толық талқаланған секілді. Барлаушылар взводы ертен тағы да жорыққа аттануы керек. Жорықтың негізгі бағыты да белгіленіпті. Негізгі міндеті – бұлардың дивизионы орналасқан Буды, Монастырская, Кожановка, Пузановка елді мекендерінің маңындағы майдан линиясындағы жау күшін шолу, атыс позицияларын, оның ішінде стратегиялық маңызға ие қандай нысандар бар соны анықтау, ең бастысы – маңызды құжаттар мен «тіл» әкелу.

Штабпен байланыс үзілмеуі қажет, егер



жау тылында, қауіпті жағдайлар туындайтын болса, Чернышевтың артиллериялық дивизионы бұларды қолдайды, оларға жел-дел түрде өздерінің координаттарыын беруі қажет. Полк командирі тапсырманың негізгі міндеттерін тиянақтап, түсіндіріп болып, шылымын тұтатты. Аузынан көк түтінді бүркырата шығарып, Мөрәліге қарап: – Бұл үшін сіздерге үш тәулік уақыт берілді. «Тілсіз» қайту қабылданбайды, қандай құрбандықтарға барсаңыз да «тіл» алып қайтасыз, жолдас аға лейтенант, тапсырманы түсінікті ме?

– Дәл солай, жолдас подполковник! – Олай болса жігіттеріңді дайында, іске сәт! – деді полк командирі – аттанатын уақыттарыңыз ертен 03.00.

Тапсырма оңай емес еді, бірақ орындау керек. Ертересе, яғни ақпан айының 22-сі күні белгіленген уақытта Мөрәлі өзімен қосқанда он екі жігіт жорыққа аттанып кетті. Өлпак маска халат киген жігіттер ақ қардың үстінде жер бауырлап жылжып отырып майдан шөбіне келгенде сағат үштер шамасы еді.

Бұлар Буды деревнясын айналып өтіп, шағын қыстақ Монастырскаяға жақындағанда таң ағарып қалған. Дүрбі салып қарап, немістердің атыс шөбінедігі жалпы жағдайды шолды. Байқайды, жаудың негізгі күштері Кожановка, Пузановка селоларының маңына шоғырланған. Аталған селолардың шығыс жағы мықты бекіністерге айналдырылған екен. Екі-үш қатар қазылған атыс ұялары, траншеялар, одан әріректе зеңбіректердің сұлбасы көрінеді. Зеңбіректер әлденемен жабылып, бүркемеленген. Дегенмен зеңбіректердің оннан аспайтынын білді, яғни бір бата-реждай болды. Селоның ортасына тауы орналасқан үлкендеу ғимарат бүл клуб бо-луы керек. Бұл қоймаға айналдырылған. Жүк машиналары келіп, осы үйден түрлі жабдықтар тиіп алып кетіп жатқанын көріп тұр. Күзет мықты, түні бойы дүмбісіз шолак автоматтарын асынан неміс солд-аттары нысандардың басынан кетпейді. Бұлар күні бойы жүріп, жер жағдайын шол-ғып, қай жерде немістердің тылына өту үшін дұшпан бекінісінің осал тұсы ба-рыын анықтады. Бұл Пузановка селосы маңындағы бекіністер болды. Белгіленген бағыттағы елді мекендерді өтіп, Пузанов-ка селосының түстігіндегі орманға келіп кіргенде қыстың қысқа күні де шолтаң ете қалды.

Жалпы жағдайда шамалаған Мөрәлі жігіттерінің басын қосты.

– Бүгінге осы жетер, қазір демалайық, от жағылмасын, құрғақ азықтарымыз жүрек жалғанда, сол тынығыңдар. Түн ауа жау шөбіне ішкерлей өнөміз. Енді ең басты мәселе – «тіл». Бізге «тілсіз» қайтуға болмайды. Жау шөбіне кіргесін, ок

шығармаймыз, негізгі қару қанжар болады, – деді Мөрәлі.

Тапсырма түсінікті еді, бұған дейін та-лай жорықтарды бастан өткізген жігіттерге бәрі белгілі болатын. Командиріне сенімді олар бір-бірін көз қарастарымен-ақ түсінетін.

Бір сәт тыныққан жігіттер Пузановка селосының түбіндегі дұшпан шөбіне жер бауырлап жақындап келеді. Міне, жүз елу-екі жүз метрдей жерде дұшпан шөбі.

Бұлардың көздеп келе жатқаны селоның батыс жағында орналасқан неміс бөлімінің штабы. Кеше күндіз орманнан дүрбі тартып шолу жасағанда осы үйдің штаб екенін анықтаған. Барлаушылар селоның түбіне келіп, үшке бөлінді. Үшеуі осы жерде, бергі бетте қалады, қалған тоғызы дұшпан шөбінен өтеді. Төртеуі штабты сырттан торып, қарауылдайды. Мөрәлі бастаған бес жігіт, оның ішінде неміс тілінің маманы Василий Иванов бар, штабка шабуылдайды. Қалай болғанда да

бұлар «тілді» алып шығады. Ал, бұлардың қауіпсіздігін сырттағы түртіп қамтамасыз ету керек. Егер қолға түсіп қалатындай жағдай болса атыс басталады. Он-дай жағдайда «тілді» қалай да жеткізуді торыуылдағы төртеу мойнына алады. Ал, бұлар жағдайға қарай қимылдап, шегіне отырып атысып, дұшпан шөбінен шығып кету керек. Әрі қарай орталыққа дұшпан координатын береді. Олар артиллериямен қолдайды.

Осындай жоспарды алдын ала келіскен жігіттер бір-бірімен үнеіз қоштасты. Бұлар селодағы үйлерді тасалап, штаб үйіне жақындады. Басқа үйлерге қарағанда еңселіуеу келген штаб үйі бұрын кесек болған секілді. Үйдің алдында екі жауын-гер күзетте тұр. Осы жерде төрт жігіт штабты сырттан торыуылдауға қалып, бес жігіт қолдарына сапысын алып, штабка жыл-жыды. Талай жорықты бастан кешірген, қолма-қол ұрыстың қас шеберіне айналған Мөрәлінің жігіттері штабтың алдындағы күзетте тұрған екі солдатты дыбысын шығармай бірін өлтіріп, екіншісін тұтқында-ды. Тұтқын немістен іште екі неміс офицерінің демалып жатқанын, өздерін жиырма минуттан кейін келесі күзеттің ауыстыратынын білді. Енді кешіруге бол-майтын еді. Яғни жиырма минутта село-дан шығып кету керек. Сыртта тұтқынмен бір жігіт қалды да төрт жігіт штабқа басы-кіріп, ұйықтап жатқан екі офицерді есін жиғызбастан жатқан жерінде тұтқындап, аузына шүберек тығып, екі қолын артына қайырып байлап алып шықты. Үлкен қара жөніштің ішіндегі құжаттарды, әр түрлі іс қағаздар мен қартаны жол қапшықтарына салып алды. Ендігі мәселе жедел түрде кері қайту. Бұл кезде таң да жақын болатын.

Келген іздерімен үй-үйді тасалап, қайтып келеді, жетегінде үш тұтқын. Міне, алдарында атыс ұялары, неміс күзеті тұр. Маңағы солдаттар ауысқан сияқты, мына тұрған солдаттар мынағы қорбыған солдатқа қарағанда сергек. Айналасын жіті бақылап, олай-былай жүр. Бұлар жата-жата қалды. Екі күзетші бір-біріне әлденелерді айтып күліп қояды. Мөрәлі жігіттеріне белгі беріп, екеуін де жою қажеттігін қолымен көрсетті. Міне, балуан денелі Николай бастаған үш жігіт алға озып, жер бауырлап жылжып бара-ды. Күзетші неміс солдаттары екі айы-рылып олай-бұлай жүр. Міне, күзетшінің бірін Николайдың тұсына келді. Осы сәтте Николай көз ілесес шапшаңдықымен атып тұрып, неміс солдаттының мой-нын қайырып, сапысымен тамактан орып жіберіп, атып ұрды. Қорр еткен дыбес шықты да, неміс солдаты үнеіз қалды. Бірақ жиырма-отыз метрдей жердегі екінші күзетші әлденені сезгендей артына қайт бұрылды. Серігінің көк екенін білді, дереу автоматын кезеңіп, бері жүрді. Ни-колай мен қасындағы жігіттер оған ша-буыл жасауға үлгірмеді, неміс солдаты бұларды байқап қалды да автоматтан са-тырлатып атып жіберді. «Ұрыста тұрыс жоқ» дейтін жағдай туған еді. Мылтық да-усы шығып қалды, енді аяматын ештенге жоқ. Мөрәлінің жігіттері неміс солдатын жалғыз өкпен жер жастандырды да жара-лын құлаған Николайды арқалап алып, траншеялар мен қазылған орлардан өтіп, жанталаса жүгірді.

Бұл кезде мылтық даусын естіген немістер де онып, жергөледен атып-алып шығып, бұлар жаққа оқ аа бастады. Тіпті жиырма шақты солдат бұларға автома-тарын сатырлатып жақындап та қалған. Бұларды өз шептеріне қалған Мөрәлінің үш жігіті автоматтан оқ атып, немістердің назарын өздеріне аударды. Осы аралықта бұлар да аман-есен өз шептеріне жетіп үлгірген. Бұлар үш тұтқын немісті алып, орманға келіп кіргенде таң ағарып еді.

Сол жолы бұлар алып келген «тіл» неміс офицерлері біздің командованиеге аса құнды мәліметтер берді.

Осы жорықтан соң Мөрәлі Шәменов «Ерлігі үшін» медалімен марапатта-лып, оған капитан шені берілді. Осын-дай жанкешті сапарға сол жылы тағы да бірнеше мәрте шыққан. Жігіттер бірнеше рет өлім қауімімен бетпе-бет кездесіп еді.

Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында Мөрәлі Шәменов туралы көрмедегі сарғайған мұрағат құжаттарында сол кездегі наградалық паракка командирі былай деп жазған екен: «Аға лейтенант М.Шәменов Буды, Монастырская, Кожановка, Пузановка селоларының аумағында жау шөбін бұзып өту кезінде барлау взво-дын басқарды. Оның басқаруымен 22.02. – 09.03.43 ж. аралығындағы ұрыстар кезінде 9 тұтқын жеткізілді. Өзі взводымен бірге бірнеше мәрте жау шөбіне барлауға шықты. Барлаушылардың білімін жетілдіруге тын-бай жұмыс істейді, взвод құрамын мықты жауынгерлермен толықтырумен айналы-сады».

Сол сияқты тағы да наградалық парактағы жазу: «Жолдас М.Шәменов – 1943-жылдың қантарынан бастап штаб бастығының барлау жөніндегі көмекшісі. 1101-атқыштар полкының құрамында біркатар жауынгерлік операцияларға қатысты. Оның басшылығымен жаудың 16 адамы тұтқындалды. Жәужүрек коман-дир барлау операцияларын арқасын әзі басқарды. 20 қыркүйекте барлау операц-иясын басқарып, 3 тұтқын келді».

Батылдығы және барлау тобының жұмысын дұрыс ұйымдастырғаны үшін 1943 жылдың 20 қыркүйегінде Мөрәлі Шәменов «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынылған еді.

Тағы бір ерлігі туралы мына бір құжатта: «1945 жылдың 3 мамыр күні ка-питан М.Шәменов басқарған барлаушы-лар тобы Узедом аралындағы фашистердің қорғаныс қарулары мен әскери күштерін барлап келді. Пеене бұзағы арқылы аралдың түп жағына орналасқан Волгас-терлоф елді мекеніндегі дұшпан күштері туралы аса құнды деректер әкелді. Соның негізінде шабуыл жоспары құрылып, жау әскер десанты желел жеткізіліп, бұғаз бен арал тез арада фашистерден тазартылды» деп жазылтыпты Президент мұрағатындағы сарғайған құжатта. М. Шәменовтің бұл ерлігі «I дәрежелі Отан соғысы» орденімен бағаланды.

Капитан Мөрәлі Шәменов Рославль, Остров, Тарту (Юрьев-Дерпт), Зальц-фельд, Старогард, Анклам, Грайфсвальд, Штралзунд, сондай-ақ Гданьск (Дан-циг), Свиномондагы әскери-теңіз базасы-на шабуылдады, Данинг шыаңағын және Марнебург қаласын басып алу, Рюген арал-ын алу ұрыстарында тамаша жауынгерлік істер үшін 12 рет Бас қолбасшы Маршал И.В.Сталиннің алғыс хатын алған.

Тағы бір «Қызыл Жұлдыз» ордені ба-тырды арада 52 жыл өткеннен кейін тап-ты. Бұл орден майдангерде 1943 жылы күзде Смоленск облысындағы Латыш ауданындағы шайқастағы көрсеткен ерлігі үшін берілуі түсі екен. Сол күндері Мөрәлі Шәменовтің полктегі барлаушыла-ры 150 шақырым алға жылжып, Рославль қаласын алғау қатысқан болатын. Кезінде әртүрлі жауатқарлармен тапсырмалар «Қызыл Жұлдыз» орденін батырдың зайы-бы Ақшоның ағамызға 1995 жылы таспа-натты түрде, сол кездегі облыс басшысы Сейітбек Шаухаманов табыс еткен-ді.

Жеті жылға жуық уақыт солдаттың керзі етігімен Еуропаны жауу шарлаған қазақтың қара баласына Германия жеріндегі, Эльба өзенінің жағасында орналасқан осы қала елге қайтарында ыстық көрініген рас еді. Комендантық қызметтің мерзімі аяқталып, елге қайтуға бұйрық шыққан күн – өміріндегі ерек-ше қуанышты сәттердің бірі болды. Өйтіпегенде іше, елден кеткелі жеті жылға кеткен екен. Пойызға мінерде қарулас достарымен бірге комендатурала даурамашы-хатшы болып істейтін неміс қызы Ядвига да Мөрәліні шығарып салуға келді. Мөрәлі оның алтын түтесі сары ша-шынан жайған ғана аялай сипап, қазақи қамқор көңілмен маңдайынан сүйді. Со-сын қолын қысып: Аман бол, айналайын! – деді.

Осылайша Мөрәлі Шәменовтің 1939 жылы басталған әскери өмірі 1946 жылдың көктемінде ғана бітіп, елге оралған болатын. Елде оны соғыстан қалжыраған халықты көтеру, тұралаған шаруашылықты қалпына келтіру, эконо-ми мен мәдениетті нығайтуға байла-нысты сан-салалы, орасан зор істер күтіп тұрды.

Ал біз Еуропа жеріндегі мегаполисті бағылдырып, тәртіп орнатып, соғыстан қираған қаланы қалпына келтіруге ұлес қосқан ержүрек командир, Жалағаштың тұмасы, өзіміздің Мөрәлі әкеміз болғанын бүгінгі күні зор мақтанышпен еске аламыз.

Тұрақ АДЫСҰЛЫ, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

ТАУ АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИІКТЕЙДІ



Көптеген ананы жесір, бала- ны жетім еткен сұрапыл соғыс жылдарында ерліктің небір үлгісін көрсеткен қандастарымыз аз емес. Ел басына күн туғанда қазақты қайсар ұлдары қолына қару алып, басқыншы жауға қарсы тұрды. Отанын жат пияғылдардан қорғап, ерліктерімен Женіс жылнамасын жазды. Сұрапыл кезеңде от кешіп, мұз жастаңған майдангер ағала- рымыз бен аталарымыздың жан- қиярлығы ешқашан ұмытылмайды. Сондай ардагердің бірі –Төлеп Жәрекеев.

Ол 1907 жылы 21 наурызда

бұрынғы Ақмешіт уезі, Қараөзек

болысы, №14 ауылда дүние

есігін ашыпты. Келдей отбасында

өскендіктен, еңбекке жастайынан арадасты. Еңбек пен оқуды қатар

алып, сауатын ашып, білім алды. Ауылдық кенестің хатшысы, мұғалім

болып қызмет еткен. Елге сыйлы, халқына құрметті болған ағамыз

білім беру саласының үздіктерінің қатарын толықтырып, марапатқа да

не боларды.

1942 жылы Ұлы Отан соғысына шақырылып, 1945 жылы гвардия аға лейтенанты шенімен елге оралған майдангер Украина, Воронеж, Беларусь шайқасында атқыштар полкінде взвод командирі қызметін атқарған. Соғыста күші басым емес, рухы күшті жеңіске жетері белгілі ғой. Шайқас алдында жауынгерлердің рухын көтеру саяси жетекшілерге жүктелер еді. Біздің кейіпкеріміз майданда сондай саяси жетекшінің бірі болды. Соғысқа аттанғандардың дені жастар. Кейбір жауынгер-лер соғысқа шыдас бермей, өз-өзіне қол жұмсап, жаракаттанып госпи-талыге түсіп жатады. Өрине, зіркілдеген зеңбіректер, төбеден шұылдап келіп, жарылып жатқан бомбалар кез келгенді естен тандыраы анық еді. Осындайда азаматқа ақыл, жігер, күш беру политруктың мойнын-да. Төлеп аға: «Соғыста жүргенде талай қиындықты көрдім. «Өзің мерт болғаннан гөрі өлтіру қиынырақ», дейді қазақтың хас батыры Бауыр-жан Момышұлы. Өз арамыздан шыққан қорқақ пен опасызды өлтіру – одан да ауыр. Мұндай сәттерде командирдің ішкі әлеміне сұмдық арпалыс, аяқас қолалды. Өйткені, ол жансыз емес, адам. Ал, әскерді жігерлендірудің ең күшті құралы – инабаттылықпен, кішіпейлдіктен ықпал ету, алға қойған мақсат-мүддемізді ұғындыру»,–деп қанқұйлы кезді еске алатын.

«Батыр батыр емес, бастаған батыр». Ұрыс даласында командир болу асқан ерлікті талап етеді. Ол тек өз басын емес, бүкіл бір топтың амадын ойлайды. Солардың амадының, озық болуын тілейді. «Мен командирдің міндетін атқарып жүргеніме оңтөге көрсетуге тырыс-тым. Іс-әрекетіммен, сөзіммен үлгі болуға ұмтылдым. «Мен сияқты істердең» деп құр ауызбен емес, еңбегіммен үнедім»,–деп отыратын Төлеп аға.

Украина майданында болған бір ұрыста жаралыларға медициналық көмек көрсетпейді қалады. Кінә дәрігерден деген байлас жасала-ды. Тексере келе командир лейтенант Мельниковтың жауапты сәтте сасқалақтап, взводты басқара алмай қалғандығы анықталды. Әскердің запы – ең қауіп зан. Басшылықтағылар Мельниковты қатардағы жа-уынгерге төмендетіп, ақылды да алғыр, соғыс тактикасын мықты меңгерген Төлеп Жәрекеевтің шенін өсіріп, взвод командирі етіп тағайындайды. Ол өзінің еңбегімен жеткен қызметті абыроймен атқаруды жауапкерші

8ҒҰМЫРДАРИЯ

● **ӘРІПТЕС ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ**

Нұрғали Оспанов ағамызды өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының бас кезінен бастап билетіндердің бірі боламыз. Аз сөйлейтін аса салмақты бұл кісінің табиғатын танып-білу онай емес еді. Сырты салқын, ашыла бермейтін адамның ішіне ену, сезім сырларына қанығу мүлде мүмкін еместей көрінетін. Айналасы оншақты жылдай қызметтес болғанда барып ағамыздың құпия қоймаларына еніп, парасат-пайымын, адамгершілік асыл қасиеттерін танығандай болған едім. Жә, оқырманға айтарымыз айшықты болу үшін әңгімені әріден, басынан бастайық.

...Сол жетпісінші жылдардың бас кезінде облыстық радио және телевизия хабарларын тарату басқармасында бір топ жас журналистер қызмет етуші едік. Басқарма бастығы, белгілі



журналист Жаксылық Бекқожаев мінезге бай, жайсаң жан болатын. Ол кісі басып екенмін деп қызметкерлерімен араға арқан тартып, шек қоймайтын, қатар-құрбыдай араласып-құраласып, әзілдесіп жүргенді қалайтын. Оның осы мінезі бізге де ұнайтын. Обалы не керек, ол кісіге екі айтқызыған емеспіз, не ойлағанын емеуінінен танып-ақ, еліпдеп тұрушы едік. Басқарманың қазақ редакциясының аға редакторы Өтеген Жаппарханов тәжірибесі мол, қарым-қабілеті күшті, радиожурналистиканы терең меңгерген маман болатын. Сол Өтекеннің қарамағында үш журналист – Есенкелді Шілдесбаев, Тынымбай Нұрмағамбетов және осы жылдардың авторы қызмет етеміз. Жиырманың ең ортасынан енді асқан жалындап тұрған кезіміз ғой, жұмысты жапырып істейміз. Кезек-кезек ісәспарға шығып, радио материалдарын үйіп тастаймыз.

Радио тілшісі болып енді қанша жүретінімізді кім білген, ойламаған жерден ойымыз бұзылып, аяқ астынан айнығандай болдым. Оған себепші облыстық “Ленин жолы” (қазір “Сыр бойы”) газетінің бөлім меңгерушісі Дархан Сапаров ағамыз еді. Жазушы, журналист бұл кісімен бұрыннан аралас-құраласымыз болатын. Сол Дөкен жұмысқа әдейі іздеп келіп, менімен онашалап сөйлесті.

– Әскербек, мен газет редакторының тапсырмасымен жүрмін, – деді. – Біздің газеттің өндіріс бөліміндегі әдеби қызметкердің орны босады. Соған лайықты, қабілетті адам іздеп жатыр. Кезеңі келіп тұр, газетке ауыс...

Мен ойланып қалдым. Бір жағынан радиоларға ұжымымды қимайтын сияқтымын. Бұдан екі жылдай бұрын Сырдарияның аудандық газетінен облыстық радиого ауысқанда да осылай болған. Не айта беретіні бар, ол тұстағы жанадан қызметкер алу әділ де адам жүргізілетін, келген адамның қабілет-қарымына айрықша назар аударылатын. Ол заманда мерзімді баспасөзде еңбек адамнаы, олар жайлы жазылған материалдарға ерекше ден қойылатын. Қысқасы, көркем очерктің дәуірілеп тұрған соңы. Менің де көркем очерк жазырыла деп қойған кезім еді ол. Соңғы бір-екі жылда республикалық “Лениншіл жас” (қазір “Жас алаш”) газетіне бірнеше көркем очерктері жарияланып, журналистер қауымына танылып қалғандай едім. Облыстық радиого да, енді, міне, облыстық газетке қызметке шақырылуыма да сол себепші болған сыңайлы...

Содан арادا екі-үш күн өткен шамада облыстық газеттің редакторы Қалқабай Әбенов шақырып жатыр деген хабар алдым. Барсам редактордың кең кабинетінде отырен басқа екі орынбасары және жауапты хатшысы өзген екен. Редактор Қалекен елпезек кісі ғой емен-жарқын қарсы алып, қанындағыларға мені бұрыннан білетін кісі секілденіп еліпдене таныстырып жатыр. Қасындағыларды да райы теріс еме тәрзіді. Қалекен: – Осы жігітті өнеркәсіп бөліміне әдеби қызметкер етіп алсақ деп отырмыз, – деді. Аналар үнсіз, ақшайысысы сыр берер емес. Қалекен жанына жақын отырған бірінші орынбасарына қайырлды: – Нүреке, сіз не деісіз?

Нұрғали Оспанов көп күттірген жоқ: – Бұл жігіттің жазғандарынан хабарым бар, қабілетті, жақсы журналист, – деді. – Дегенде газет қызметкеріне газеттің техникалық жағын да білу пәрыз. Жазуын жаза береді ғой. Меніңше, бұл жігіттің бір-жар жыл секретариатта істегені жөн, – деді. Қалекен ыңғайсызданғанын сездірісі келмегендей сынай танытып, енді редактордың екінші орынбасары Нұрділла Үәлиев пен жауапты хатшы Шора Ералиевке: – Сіздер не дейсіңдер? – деген еді. Олар: – Нүрекенің айтқаны орынды ғой. – Газеттің техникалық жағын білгеннің пайдасы болмаса, зияны жоқ, – дегеннен аса алмады. Редактор сәл ойланғандай болды да, шешімін айтты: – Әскербек, мына ағаларыңның айтып

отырғаны да орынды сияқты. Жазуың жақсы, газеттің техникалық жасалу жағын білген артық емес, болашағың алда, білгенің өзіңе пайдалы. Бір-жар жыл секретариатта істе, сосын бөлімге ауыстырамын, – деді.

Сонымен солай болды да. Бір байқағаным, Нұрғали Оспановтың беделі басым екені байқалды,редакторға айтқанын өткізді. Мәселенің мәнісін кейін білдім, жауапты хатшының екі орынбасарының бірі – Нұрпейіс Байғараев темір жолдың арғы бетінде тұратынын, жұмысы күндіз-түні жалғасып жататын секретариатта істеудің ауыр екенін айтып, бөлімге ауыстыруды сұрап жүреді екен. Ал Нұрғали Оспанов ағамыз соның өтінішін орындаған екен ғой.

Осылайша күтпеген жерден секретариат қызметкері болып шыға келдім. Оның жұмысы, әрине, ауыр. Танертеннен бастап түннің бір уағына дейін жүресін. Газеттің жоспарланған материалдарын макеттейсін. Онан телетайп арқылы беріліп жатқан материалдарды оқып, баспаханаға жібересін. Ол кезде ресми материалдарды Одақтың телеграф агенттігі арнайы белгімен газеттің шығып жатқан нөміріне жарияланатынын көрсетеді. Ол материалдарды Алматыдағы Қазтағ қазақшаға аударып жергілікті газеттерге жолдайды және жариялауға болады деген рұқсат берілгенше күту керек екенін ескертеді. Сол рұқсатты түннің бір уағына дейін тосуға тура келеді. Оның бер жағында баспаханаға жіберілген материалдардың орналасуын қадағалайсың, сый-

МАҢҒАЗ АҒА

май жатса қысқартып, жетпей жатса қосқызасың.

Әу баста бір-жар жыл істеп, бөлімге ығысып кетемін ғой деген басым жауапты хатшының орынбасары болып табаны күрекетей үш жыл отыруға тура келді. Жауапты хатшы Шора Ералиев ағамыз мен газетті макеттеуді үйреніп алған соң, маған ішкі екі беттің макетін сызуды тапсырды.

Мен макеттейтін ішкі екі беттің материалдарының денін оқытын Нүрекен – Нұрғали Оспанов. Ол кісіге күніне бірнеше рет кіріп шығамын. Оқылып қойылғаны болса қолыма ұстата салады, әлі қаралмаса қайта соғарсың дегендей қылады. Бір қайран қалатыным, ол кісі қашан көрсем де бірқалыпты, тапжылмайды, із артық қозғалыс, із артық сөз жоқ. Ойыпмай, мына кісі қандай адам деп ойлаймын. Бір күн емес, бір ай емес, барлық уақытта сондай. Әлде мені сынап жүр ме дегендей ойларға да кетемін. Олай деймін де жөні жоқ. Әлдеқалай телефон шыр ете қалса, біз сияқты бірден ұмтылмайды. Телефон екі-үш рет шырылдағанша көзділдірігін үстінен қойып отырады, содан кейін қана қолын созады. Сөйлесіп те жарытпайды, көбіне бар, жоқ дегендей сынай ғана сезіреді. Өзгелерге ұқсап жалындап, жалпылдап жату жоқ, тіпті өзін-өзі зорлап сөйлесіп отырған сиятандады. Бұл кісінің бұл мінезіне мен де үйірене бастағандаймын, жай-мен кіріп, тиісті макеттейтін материалдарымды алып, үн-түнсіз шығып кетемін.

Ал енді осы кісінің бөлім меңгерушілері Құрманғали Асқаров, Дархан Сапаров және Қомшабай Сүйішев дегенде жаны басқа. Оны да беріректе байқалдым. Әсіресе, Дархан ді көргенде жүзі жұмырсып, көздері күмілдеп бір жасап қалады. Дарханның не айтатынын білмеймін, ол кіріп шыққан сайын Нүрекен жана-ры нұрланып, көңілді күй танытады. Бұл кісі сонда араласатын адамды да таңдайтын, тайлағытын болғаны ма деген секілді сезімге берілемін, әрі соған жауап іздегендей де боламын.

Солайша секретариаттағы күндер өтіп жаты. Редакция мен баспахананы байланыстыратын мына қызметімен әбден жерігендей едім. Мақала жазуға уақыт жоқ, әрі оны қажет етіп жатқан да жан жоқ секілді. Өлең жазуға көңіл күйің келе бермейтіндей. Сондай көңілсіз күндердің бірінде редакторымыз өзіне шақырды.

– Әскербек, мына жерде отырыңқырап қалдың, – деп Қалекен көңілді аулағандай болды да, – Партия тұрмысы бөліміне Досмағамбет Тасекеевке әдеби қызметкер болып барарсың ба? – деді. – Ондағы қызметкер Досекенмен істесе алмай, басқа бөлімге ауысып жатыр. Досекеннің мінезі қиындау, жақтырмаған адамын жанына жолатпайды. Егер тәуекел лесен бұйрық берейін...

Неге екені белгісіз, мен ойланым жатқаным жоқ: – Бұйрық бере берініз, барайын, – дедім.

– Секретариаттан қашып құтылғандай боларсың ғой, – деп күлді Қалекен.

Обалы не керек, Досмағанбет Тасекеев ағамыз маған жайсыз болған жоқ. Бұл өзі жазу-шы адам, кезінде баспадан кітаптары да шыққан, оларын оқығанымыз да бар. Содан ба екен шығармашылықпен айналысатын адамды іш тартатын. Әдебиет туралы көп білетін, қай қиырнанан келсен де айылдырған ашым шығатын. Бұл кезде менің де көріне бастаған шағым. “Тұлпар туралы дастан” атты поэмam республикалық “Жалын” баспасының жабық бөйгесінің жүлдесіне не болған. Соның әсері ме, кім білсін, Досекен мені жақсы, жылы қабылдады. Алдымен партия тұрмысы бөліміне қатысты материалдардың табиғатымен таныстырып, оны еркін игеріп кеткен соң кең отырып, еркін пікірлесетін жағдайға келгендей едік.

Сол Досекенмен төрт жылдан астам бір кабинетте отырып жұмыс істедім. Соғысқа қатысқан кісі ғой, не денсаулық болсын, алқынып сөйлейтін, аяғын ауыр басатын. Иманды болғыр,

1979 жылдың ерте көктемінде кенеттен қайтыс

болды.

Досаған о дүниелік болған соң партия тұрмысы бөлімінде бір өзім бір жылдай жалғыз жұмыс істедім. Сондай күндердің бірінде редакторға кіріп қалып едім, Нұрғали Оспанов та осында екен. Нүрекен оқыстан бір ой айтты:

– Ай, Қалқабай, – деді редакторға: – Мына Әскербек бір жылдан бері бір өзі екі адамның жұмысын істеп келеді. Обкомға айтып неге мұны бөлім меңгерушілігіне бекіттірмейсін, – деді.

Мынадай сөзді күтпесе керек, Қалекен алғашқыда ыңғайсызданыңқырап қалды, артын-ша бойын тез жып:

– Нүреке-ау, мен айтпай жүр дейсің бе, Әскербекті айтпағанда кімді айтам. Неге екенін білмеймін, обкомдағылар мұны жассынады, әлде басқа ойлары бар ма кім білсін. Ау, жасы орда бұзар отыздан асып бара жатқан адам да жас бола ма екен, – деп жанашырлық сынай танытқан еді.

Қалқабай ағамыздың “обкомдағылардың басқа ойлары бар ма екен” деген болжамы айна-қатесіз келді. Көп ұзамай-ақ сол жылдың көктемінде газеттің партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі болып Сақтаған Есмаханов ағамыз келді. Біраз жыл Сырдария аудандық газетінде редактор болып істеген ол енді облыстық газетке ауысқанды жөн көрген сыңайлы. Әр сөзін мақалдап, мәтелдеп, бояуын қанықтырып, айымзиды қандырып асықпай айтатын Сәкеннің қарамағында бұрын қызмет еткенбіз, әрі жекжаттық қатынасымыз да бар. Сондықтан

ол кісімен жұмыс істесу мен үшін үйренішті жағдай. Дегенде бұл өзгеріске редакторымыздың көңілі қона қоймағаны сезілетін. Содан бір күні Қалекен шақырып алып, аяқ астынан:

– Партия мектебіне оқуға барсаң қайтеді, – демесі бар ма.

– Оның жөні қалай болар екен, – деп ойланыңқырап қалып едім, Қалекен бастырмалатып, кеуделен кетті:

– Әскербек, әлі жасыңың, болашағың алдында. Қазіргі жағдайда партиялық саяси білім аса қажет. Кезінде партия мектебіне мен де оқығаным, одан жаман болғаным жоқ. Ойланып, толғана беретін ештенесі жоқ. Обкомға ұсыныс беремін, дайында-ла бер, – деді.

Қалекенің сол сөзі қамшы болды. Ұзамай обкомның бюросынан өтіп, Алматы партия мектебіне жолдана алдым. Сол жылдың маусым айының бас кезінде партия мектебінде болып, ондағы қабылдау комиссиясының алдынан өтіп, оқуға қабылдандым.

Оқуға баратын болған соң еңбек демалысы алып, ұжым мүшелерін үйге шақырып, шай бердім. Онымыз ойдағыдай өтті, әдеттегідей тәтті тілшектер айтылып, арасында ән орындалып, домбыра тартылған жайлы да жарасымды отырыс болды. Мені қайран қалдырған Нұрғали ағамыз еді. Ол кісі бастан-аяқ көңілді күй танытты. Өзіне сөз кезегі келген кезде әзіл араластырып, ынты-шытымен тілек тіледі.

– Әскербек, мен алпысқа келдім, Қалқабай да соған жакындап жүр. Ал айналайын, айтайын дегенім, сен оқу бітіріп келгенше мен зейнет демалысына кетпеймін, орымды өзіме ұстап отырамын, – деп жұртты күлдіргені бар. Мынадай жарқын мінезді айналасындағылар да күтпесе керек, сүйенгендей сынай танытқандай еді. Ал отырыс аяқталып, жұрт қозғала бастаған тұста Нүрекен мені құшақтап тұрып: – Әскербек, талабына нұр жаусын, оқуыңды оқы, өлеңіңді де тастама, – деп бауырына басып, бетімен сүйген еді. Ауызы ауыр, мынадай маңғаз адамның елжіреп, барынша босансығанын бірінші көруім шығар ол.

Бұл Нұрғали Оспанов ағамызбен соңғы жүздесуіміз екен. Алматыға оқуда жүргенде оның қайтыс болғанын естіп, қатты қайғырған да едім.

Уақыт деген опасыз өткенін білдірмейді екен, содан бері де отыз жылдан астам уақыт өтіпті. Кей-кейде Нүрекен еске түскенде өзегім өртенгендей күй кешемін. Ол кісі туралы білетінім мүлде аз екен, соған өкінемін. Ол кісінің Сырдария аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, облыстық партия комитеті бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарғанын еститініз. Оның жиырма жылдай облыстық газет редакторының бірінші орынбасары қызметінде болғанынан ғана хабар-дар сияқтымыз. Ал Нұрғали Оспановтың Отан соғысына қатысқанынан мүлде бейха-бар тәртіздіміз. Оны да мына Жеңістің жетпіс жылдығы тұсында еске алғанды екеніз.

Ойды ой қозғайды, осындай маңғаз да маңызды кісіні есте қалдырарлықтай ештеңе жасалынбапты. Ақиқатын айтар болсақ, ол кісінің ширегіне де келмейтін кейбіреулерге қаланың қам ортасындағы көшпелерге есімдері беріліп жатқаны да ойлантды. Үніне түсіп, ізеушісі, сұраушысы болмаса қанша қасиетті, қанша қабілеті екен жоған да, елеусіз, ескерусіз қала береді екен. Соған көзіміз жеткендей, әрі соған біздер де кінәлі сияқтымыз.

“Ештең кеш жақсы” демекші Нүрекенің балалары мен жақын жанашырлары ол кісі туралы Жеңістің жетпіс жылдығы қарсаңында кітап шығарғалы жатыр екен. Соған азын-аулақ болса да қосқан үлесімді болсын деп осы материалды хатқа түсірген едік.

Топырағын торқа, иманның жолдас болсын маңызды, маңғаз аға!

Әскербек РАХЫМБЕКҰЛЫ.

ӨМІРІ ӘДЕМІ ӘН СЕКІЛДІ ЕДІ...



Ал, Ақтөбеде өткен еске алу кешін блогерлер қолға алып, Тұңғыш Президент атындағы саябаққа жиналды. Шымкенттік тыңдармандар болса, Шәмші алаңына жиылып, әншінің әндерін бірге айтты. Оған қоса оның суреттері мен гүл шоқтарын қойып, шырақ жақты. Осылайша, барша қазақстандықтар талантты ұлын ұлықтап, қимастықпен жер қойнына тапсырды. Өнер жұлдызының ән ғұмыры халқымен бірге жасай береді.

М.ОТАРАЛЫ.

● **ТЫҢ ТУЫНДЫ**

МӘДЕНИЕТТІК МАЙДАНГЕРЛЕР

Елімізге танымал жыршы һәм әнші-сазгер, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Жұмабек Аққұлов пен КСРО Ішкі істер министрлігінің ІІ-ІІІ дәрежелі “Мінсіз қызметі үшін” медалі мен “Милиция үздігі” белгісінің иегері, зейнет демалысындағы капитан, қарымды қаламгер Болатбек Нұржановтың құрастыруымен шыққан тың туынды осылай аталады. Алматы қаласындағы “Leader Book” ЖШС баспасынан жарық көрген жаңа басылымды парактай отырып, авторлардың көп еңбектенгеніне көз жеткіземіз.

Қазіргі Мәдениет ауылының ізіндегі қолхоздардан Ұлы Отан соғысына аттанып, жат жерде жан тапсырған боздақтар деректері бірінші бөлімде берілсе, “Соғыстан қайтқан жеңімпаз сарбаздар” деп аталатын екінші бөлімде елге аман

оралған 122 майдангер жайлы мәлімет олардың суреттерімен бірге жеке әңгіме, мақала түрінде жарияланған. “Женіс жырлары” аталатын келесі бөлімде мәдениеттік он төрт ақынның өлеңдері топтастырылған.

Осынау соғыстың орны толмас тағы бір қасіреті – тұтқындардың азапты тағдыры. Кенес әскері тұтқын болмайды деген Сталиннің қағидасы, атышулы №227 бұйрық талайлардың тағдырын тәлкекке салып, тозаққа айналдырғаны тарихтан белгілі. Алдымен еріксіз жау тұтқынында, со-сын елге келгеннен соң НКВД түрмелерінде болып, қаншама азап шеккенімен, кейін ақталған он үш майдангер туралы төртінші бөлімнен таныса аласыздар. Майдангерлер жайлы сыр шертетін жылдар жүгін арқалаған сарғайған суреттер соңғы бөлімге топтастырылған.

“Мәдениеттік майдангерлер” деп аталатын бұл жана басылым, бір

● **ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ**

УНИВЕРСИТЕТ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУДАН СӘТТІ ӨТТІ

Сыр өңіріндегі іргелі білім орласы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №353 бұйрығымен мемлекеттік аттестаттаудан өтті.

Университет бұған дейін білімдегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттігінің аккредиттеу кеңесінің шешімімен арнайы институционалдык және мамандандырылған аккредиттеуден өткен болатын.

Аттестаттау барысында университеттің материалдық-техникалық базасы, профессор-оқытушылар құрамының әлеуеті, ғылыми-зерттеу жұмыстары, республикалық, шетелдік жоғары оқу орындарымен байланысы, білім алушылардың білім деңгейі тексеруден өтіп, нәтижесінде университеттің білім беру қызметі жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігі анықталды.

Аймақтағы білім мен ғылымның, мәдениет пен өнердің орда-сы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қол жеткізген табыстары жетерлік. Болашағы баянды, келешегі кемел білім ошағының жетістіктері алдағы күндерде де еселене беретініне сенім мол.

Ә.ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.

КӨПҰАТТЫ ҰЖЫМ

Қызылорда қаласындағы өзге ұлт өкілдері көптеп кездесетін медициналық мекеменің бірі – облыстық психоневрологиялық ауру-ханасы. Тарихы сонау 1907 жылдан бастау алатын емдеу орнының өз дәстүрі қалыптасқан. Ынтымақ-бірлігі жарасқан ұжымда бүгінде он ұлт тату-тәтті, жұмыла еңбек етуде. 1996 жылдан бастап бас дәрігерлік қызметті абыроймен атқарып келе жатқан КР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, жоғары санатты дәрігер-психиатр Анатолий Негай ұжымдағы бұл ынтымақ пен бірлікті, ұжым мүшелері арасындағы сыйластылық мақтанышпен айтады.


– Біздің мекеме көпұлтты мекеме. Соған қарамастан ұжымның ауызбірлігі мықты. Қызметкерлер арасында үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқорлық таныту секілді адамгершілік қасиеттер жақсы қалыптасқан. Түріміз басқа болғанымен, тілегіміз бір. Бәріміз ұжым абыройы үшін, денсаулық сақтау саласының дамуы үшін, еліміздің өркендеуі жолында еңбек етудеміз. Елбасының басты саясаты да осы, яғни, елдің тыныштығы, ұлттардың татулығы. Біз де осы мақсатта қызмет ете бермекпіз,– дейді Анатолий Петрович.

Аурухана облыстық, қалалық мәдени іс-шараларда, облыс әкімінің тапсырмаларын жүзеге асыру барысында болсын жоғары белсенділікпен атсалысады. Әз саласында шығармашылық ұжым ретінде белгілі. Осындай белсенділіктерінің арқасында көптеген марапатқа ие болып келеді. Атап айтқанда, 1999 жылы «Жылдың үздік емдеу мекемесі» сертификатына ие болса, 2002 жылы «Қазақстан республикасының үздік клиникасы» жый сайынғы акциясында жүлделі бірінші орында жеңіп алды. 2004-2011 жылдар аралығында өткізілген медицина қызметкерлерінің спартакиа-дасында жалпыкомандалық есепте бас жүлдені ұтып, ауыспалы кубокты екі мәрте иеленген. Сонымен бірге, облыс әкімінің «ең үздік спортшылар ұжымы» сертификатын алуының өзі аурухана қызметкерлерінің бірлігі мен белсенділігінің белгісі дерсіз.

Тек мәдени шаралар емес, аурухана мамандары заманға сай жұмыс істеуде де алдыңғылардың қатарында. Дәрігерлер психикалық және мінез-құлық ауытқулары бар науқастарды емдеу-де заманауи инновациялық тәсілдерді қолдануда. Ең алғаш болып республикада «Ашық есік күндері» енгізіп, алғашқы психикалық эпизод палаталарын ашты.

Сан түрлі ұлттың жарастығы мен бірлігі саптанат құрған ұжым алдағы уақытта да қоғам игілігі жолында еңбек ете бермек.

Айнұр БАТТАЛОВА.



сөзбен айтқанда, Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне тамаша тарту де-сек болады.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.

ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ
ЖАТТЫҚТУРУШЫЛАР ДАЙЫНДАЙДЫ
Мамырдың 6-сы мен 9-зы аралығында Қызылорда қаласында «С» ұлттық санатына жаттықтырушыларды дайындау курсы өтеді.

Айталымш курсқа тыңдаушыларды жинау мерзімінің басталғанын хабарлаймыз. Оқу бағасы 15 000 теңге. Курс аяқталған соң тыңдаушыларға үш жыл мерзіміне Қазақстан футбол федерациясының сертификаты беріледі.

Толық ақпаратты мына мекен-жай бойынша ала аласыздар:
Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі 42, «Бастау» Б О, 3-қабат, 305-кабинет, тел.: 60-51-91, 60-51-09.

ЖОМАРТ ЖҮРЕКТІ АҒАЙЫН!
2011 жылы дүниеге келген қаршадай ғана қызымыз – Инабат Біржанқызы Қартанбек 2012 жылдан бері фиброматоз жамбас бұлшық етінің асқинуымен ауырады. Дертіне шипа болар деп төрт мәрте ота жасалып, үш мәрте химиятерапиясы ем қабылдады. Сегіз айлығынан аурудың азабын тартып келетін қызғалдақтай ғана бүлдіршініміздің ауыр жағдайы жанымызға қатты батуда.

Ізгі жүректі ағайын, жергілікті дәрігерлер қаршадай қыздың дертіне шетелде ем қабылдау шипа болады деп сенім білдіріп отыр.

Қаңы бір, жүрегі мейірім-шапағатқа толы отандас бауырла-рымыздан Инабатқа теңіздің бір тамшысындай қамқор қолдарыңызды сөзеп деп сенеміз.

Инабаттың ата-анасы: Б.Смайылов, Г.Абілғазиева.
Нар Банк 4402 5735 8143 6971
Казпочта KZ 625631299AA0109058